



## ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВ ДОНАЛЬД ТРАМППЕН СӨЙЛЕСТІ

Нью-Йорк қаласына сапары барысында Қазақстан Президенті АҚШ басшысымен кездесті. Тараптар Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары арасындағы екіжақты ынтымақтастықтың перспективті бағыттарына ерекше назар аударды.

Дональд Трамп экономика және сауда салаларындағы ықпалдастықты кеңейтудің маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ президенттер халықаралық ахуалға қатысты өзекті мәселелерді талқылады.

## АЛПАУЫТ КОМПАНИЯ БАСШЫЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

АҚШ-тың Нью-Йорк қаласына жұмыс сапары барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жаһандық деңгейдегі бірнеше алпауыт компания өкілдерін қабылдады. Алдымен Президент Samco корпорациясының президенті Тим Гитцельмен жүздесті.



Кездесуде уран өндіру саласындағы ынтымақтастық перспективасы талқыланды. Қасым-Жомарт Тоқаев Samco «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясының бұрыннан келе жатқан сенімді серіктесі екенін атап өтті. Елімізде қызмет ете бастағаннан бері аталған компания 500 млн доллардан астам инвестиция құйған әрі технологиялар трансфертіне ықпал еткен.

Осы тұста Қазақстан алдағы уақытта үш атом электр стансасын салуды көздеп отырғаны айтылды. Еліміз атом саласында қолданылатын инновациялық тәсілдерге қызығушылық танытады. Өз кезегінде Тим Гитцель Президентке «Инкай» бірлескен кәсіпорнының қазіргі қызметі мен жоспарлары жөнінде ақпарат берді. Бұл компания Түркістан облысында орналасқан кен орнын ширек ғасырдан бері игеріп келеді.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Goldman Sachs Global Institute компаниясының жаһандық мәселелер бойынша президенті Джаред Коэнмен кездесу өткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев америкалық Goldman Sachs жетекші инвестициялық банкінің Қазақстан Ұлттық банкімен ұзақ мерзімді серіктестік орнатқанын атап өтіп, ықпалдастық деңгейіне жоғары баға берді.

Мемлекет басшысы Қазақстанның жасанды интеллект, қаржы экожүйесін цифрландыру салаларындағы ынтымақтастыққа қызығушылық танытатынын жеткізді. Ал Джаред Коэн Goldman Sachs Digital Asset Platform цифрлық қаржы тұғырнамасының тәжірибесіне тоқталды.

PepsiCo қоры директорлар кеңесінің төрағасы Стивен Кихо да Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болды. Кездесуде PepsiCo компаниясының Қазақстандағы инвестициялық жобасын жүзеге асыру барысы карастырылды. Әлемге әйгілі бренд Алматы облысында снэктер шығаратын зауыт құрылысына кірісті. Инвестиция көлемі – 368 млн доллар.

Президент жобаны іске асырудан күтілетін экономикалық пайдаға назар аударды. Компания 900-ге тарта тұрақты

жұмыс орнын ашудан бөлек, қытырлаққа арналған картопты жергілікті жерде өсіруге ниетті. Стивен Кихоның айтуынша, қазір бағдарламаға Павлодар, Ақмола, Қарағанды, Алматы және Жетісу облыстарынан 15-ке жуық шаруашылық қосылған. Бұдан бөлек, шикізатты сақтау базасын кеңейтіп, картоп өнімділігі мен сапасын арттыру үшін ғылыми тәсілге жүгінуге жоспарланып отыр.

Әрі қарай Мемлекет басшысы Cerberus Capital Management компаниясының бас атқарушы директоры Фрэнк Бруномен жүздесті. Қасым-Жомарт Тоқаев компанияның инвестицияларды басқару саласындағы жаһандық көшбасшылығын жоғары бағалап, Транскаспий халықаралық көлік бағытын дамыту аясындағы инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландыру ниетін құптады.

Президенттің айтуынша, компанияның стратегиясы Қазақстанның ұлттық экономиканы әртараптандыру жөніндегі басымдықтарына сай келеді. Еліміз көлік-логистика инфрақұрылымын дамытуға инвестиция тарта отырып, бағыттардың өткізу мүмкіндігін кеңейтуге қарқынды түрде кірісті.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы Вашингтонда Әзербайжан мен Армения арасындағы тарихи келісімге қол қойылуы Орта дәліздің маңызды сауда жолдарының бірі ретіндегі маңызының арта түсуіне оң әсер ететінін атап өтті. Соңғы бес жылда Транскаспий халықаралық көлік дәлізі арқылы тасымалданған жүк көлемі алты есе артты.

Әрі қарай Қасым-Жомарт Тоқаев Chevron корпорациясы директорлар кеңесінің төрағасы және бас атқарушы директоры Майкл Уиртгі қабылдады. Мемлекет басшысы корпорация еліміздің экономикалық дамуына зор үлес қосқанын атады. Тәуелсіздік жылдары Chevron Теңіз, Қарашығанақ сияқты ірі кен орындарын игеруге атсалысып, Қазақстанға 55 млрд долларға жуық инвестиция құйды. Қазір әлемдегі ең ірі энергетикалық компания өндіретін жалпы өнімінің 25 пайызы Қазақстанға тиесілі.

Кездесуде келешекте Теңіз кенішінің аясын кеңейту жобасын іске асыру мәселелеріне, Қарашығанақта газ өндіру мен қайта өңдеу перспективасына, сондай-ақ әлемдік нарыққа көмірсутегін тасымалдау ісін дамытуға, соның ішінде Орта дәліз арқылы жеткізуге баса мән берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Educational Testing Service (ETS) компаниясының президенті және бас атқарушы директоры Амит Севакты да қабылдады. Әңгімелесу барысында Мемлекет басшысы ETS компаниясының білімді тестілеу мен бағалау саласында көш бастап келе жатқанына ерекше назар аударды.

Президенттің айтуынша, Қазақстан компанияның білім беру жүйесіндегі тәжірибесін зерделеу мен пайдалануға қызығушылық танытып отыр. Өз кезегінде Амит Севак та Мемлекет басшысына компанияның халықаралық жұмыс жоспары туралы мәлімет берді. Ұйым жылына әлемнің 180 еліне 50 миллионнан аса тест әзірлейді әрі өкімшілендіреді, сондай-ақ ұлттық білім беру жүйесіне арналған бейіндік шешімдерді ұсынады.

Бұдан соң Қасым-Жомарт Тоқаев Смитсон институтының басшылығымен кездесіп, орталықтың халық шығармашылығы және мәдени мұра арнайы жобалары жөніндегі директоры Халле Батвинге қазақ мәдениетін АҚШ-та белсенді түрде дәріптеп жүргені үшін алғыс айтты.

Орталық жанынан құрылған Қазақстанның мәдени мұра қоры ұлттық мәдениетіміз бен өнерімізді насихаттаумен, сондай-ақ қазақ халқының тарихын, салт-дәстүрі және рухани өмірін зерттеуге арналған бірлескен ғылыми жобаларды ұйымдастырумен айналысады.

Мемлекет басшысы мәдени дипломатия Қазақстан мен АҚШ арасындағы қарым-қатынасты жаңа деңгейге көтеретініне сенім білдірді. Институт әлемдегі ең ірі мәдени, білім беру және ғылыми-зерттеу кешендерінің бірі саналады. Оның құрамына 21 музей мен галерея, 14 ғылыми және білім беру орталығы, кітапханалар мен ұлттық зообактар кіреді. Ел Президенті әлемге әйгілі Big Tech компаниялардың өкілдерін қабылдады. Әуелі Мемлекет басшысы Amazon компаниясының аға вице-президенті Дэвид Запольскимен кездесу өткізді.

Тараптар цифрландыру, байланыс және жасанды интеллект салаларындағы ынтымақтастықтың жай-жапсарын талқылады. Президент Amazon компаниясының еліміздің Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігімен, сондай-ақ «Қазақтелеком» компаниясымен бірлескен жобаларды жүзеге асыру жоспарына қолдау білдірді.

(Жалғасы 2-бетте)

## ҚАЗАҚСТАН-АҚШ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Нью-Йоркке жұмыс сапары барысында Американың ірі бизнес өкілдерімен басқосуға қатысты. Президент Қазақстан мен АҚШ-тың кеңейтілген стратегиялық серіктестігі қарқынды түрде дамып келе жатқанына назар аударды.



— Біз Американы маңызды серіктестеріміздің бірі санаймыз және сан қырлы ынтымақтастықты одан әрі дамытуға мүдделі екенімізді растаймыз. Америка Құрама Штаттарының да осы стратегиялық ұстанымды қолдайтыны қуантады. Оған Президент Дональд Трамппен 2024 жылы желтоқсан айында болған әңгімелесу барысында көз жеткіздік. Бүгін біз Президент Трамппен тағы да мазмұнды әңгіме жүргіздік. Ол үшін ризашылығымызды білдіреміз. Қазақстан Президенті Трамптың прагматикалық дипломатияны алға тар-

туын, Еуропа мен Таяу Шығыстан бастап Азия мен Африкаға дейінгі қактығыстарды бейбіт жолмен реттеуге ықпал ету ісіндегі рөлін жоғары бағалайды. Оның конструктивті позициясы мен нақты нәтижеге қол жеткізуге айрықша мән беруі жаһандағы жіктелу ушыққан кезеңде шиеленістің бәсеңдеп, диалогтың артуына ықпал етуде. Мақсат-міндеті айқын мұндай батыл әрі табанды әрекет халықаралық деңгейде мойындауға лайық. Біздің ойымызша, бұл ұстанымдар ертең өтетін БҰҰ-ның Жалпы дебатында Ұйымға мүше

мемлекеттердің назарына ұсынылуы керек. Құрама Штаттар Қазақстан экономикасына 100 миллиард доллардан астам қаржы құйған ірі инвестор саналады. Екі ел экономикалық ықпалдастықта зор жетістікке жетті. Біз мұны мақтан тұтамыз. Қазір елімізде 630-дан астам америкалық компания табысты жұмыс істеп жатыр. Олардың қатарында Chevron, ExxonMobil, Boeing, Visa, Mastercard, Meta, Wabtec, Citibank секілді танымал брендтер бар, — деді Президент.

(Жалғасы 2-бетте)

## САУДА ҚАТЫНАСТАРЫН ПЫСЫҚТАДЫ

Нью-Йоркке жұмыс сапары барысында Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Сауда министрі Говард Латникпен жүздесіп, екіжақты сауда-экономикалық ынтымақтастықтың кең көлемді мәселелерін қарастырды. Сондай-ақ еліміздің АҚШ-пен ықпалдастықты дамытуға ерекше мән беретіні айтылды. АҚШ еліміздің негізгі инвестициялық серіктестерінің бірі саналады.

Мемлекет басшысы Қазақстанда шетелдік инвесторларға қолайлы жағдай жасалғанын жеткізіп, елімізде америкалық бизнес үшін энергетика, көлік-логистика, цифрландыру, ауыл шаруашылығы салаларында үлкен мүмкіндік бар екенін атап өтті.

Говард Латник Құрама Штаттардың Қазақстанмен сауда-экономикалық, индустриалдық, көлік-логистикалық және инвестициялық салаларда бірлескен жобаларды одан әрі дамытуға қызығушылық танытатынына тоқталды.

Бұдан әрі америкалық Wabtec компаниясымен жалпы сомасы 4,2 млрд долларға жуық келісімге қол қою рәсімі өтті. Құжатта Қазақстанда техникалық тұрғыдан жетілдірілген 300 локомотив шығару және оған сервистік қызмет көрсету қарастырылған.

Көлік технологиясы бойынша әлемдегі көшбасшы компания еліміздің теміржол саласын жаңғырту ісінде негізгі серіктестеріміздің бірі саналады. 2009 жылдан бері Астанада Wabtec Kazakhstan



локомотив құрастыру зауыты табысты жұмыс істеп келеді. Осы аралықта компания өндіріске 230 млн доллардан астам инвестиция құйды. Кәсіпорын бүгінге дейін «Қазақстан темір жолына» және экспортқа арналған 600-ден астам локомотив құрастырды. Өндірістің локализация деңгейі 45 пайызға жетті.

— Екі елдің экономикалық ынтымақтастығын нығайту өзара

сауда байланыстарын дамытуда негізгі рөл атқарады және маңызды минералдарды игеру саласында жаңа мүмкіндіктерге жол ашады. Біз бұл бағытта бірлесіп инвестиция құя аламыз. Локомотив секторында Wabtec компаниясын тандағандарыңызға қуаныштымыз. Бұл — екіжақты ықпалдастықтың негізі, — деп атап өтті АҚШ Сауда министрі Говард Латник.

## ҚАЗАҚ-АМЕРИКА ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫ ЖӨНІНДЕГІ ДИАЛОГ

Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президентінің Оңтүстік және Орталық Азиядағы арнаулы өкілі Серджио Горды қабылдады.

Алдымен Президент Серджио Горды АҚШ Президентінің Оңтүстік және Орталық Азия істері бойынша арнаулы өкілі және АҚШ-тың Үндістандағы елшісі лауазымына тағайындалуымен құттықтады. Осы ретте Қазақстан Үкіметі оның миссиясына жан-жақты қолдау көрсететінін айтты.

Мемлекет басшысы қазақ-америка стратегиялық серіктестігін нақты жетістіктермен одан әрі нығайтуға бағытталған диалогты жалғастыруға дайын екенін жеткізді. Әңгімелесу барысында



сауда-экономикалық ықпалдастықты дамытуға мән берілді. Мемлекет басшысы еліміз АҚШ-тың Орталық Азиядағы негізгі экономикалық серіктесі санала-

тынын атап өтті. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Серджио Гор күн тәртібіндегі халықаралық және өңірлік өзекті мәселелер жөнінде пікір алмасты.

# АЛПАУЫТ КОМПАНИЯ БАСШЫЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ



(Басы 1-бетте)

Ынтымақтастық Қазақстан аумағындағы жылдамдығы жоғары интернетті қамтамасыз ету және киберқауіпсіздікті нығайту секілді стратегиялық маңызды бағыттарды қамтиды. Amazon тек елімізге қатысты жобаларды жүзеге асырумен шектелмей, Қазақстанды спутниктік байланыстың өңірлік хабын қалыптастыруға болатын алаң ретінде қарастырып отыр.

Осы басқосу кезінде «Қазақ-телеком» және Amazon Kuiper компаниялары Kuiper спутник желісінің қызмет көрсетуіне қатысты дистрибьюторлық келісімге қол қойды. Соған сай Amazon Kuiper компаниясы Алматы, Ақкөл және Ақтау қаласында өзінің жердегі инфрақұрылымын жасақтауды көздейді. Бұл жобаға 200 млн долларға жуық инвестиция салу жоспарланған.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Meta компаниясының вице-президенті Янн Лекунды қабылдады. Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектіні зерттеу бөлімінің бас ғылыми жетекшісімен инновациялық технологияларды дамыту және қолдану жөнінде пікір алмасты.

Президент нейрожелілер саласындағы Янн Лекунның жанаашыл жетістіктерін жоғары бағалап, оның жасанды интеллектіні дамытуға қосқан үлесін атап өтті. Сондай-ақ Қазақстанның жаппай цифрландыруды және жасанды интеллектіні дамудың басты факторы ретінде кенінен қолдануды қарастырып, дербес ЖИ

экожүйесі мен Қазақ тілінің үлкен тілдік моделін (KazLLM) жасақтауға күш салып жатқанын жеткізді. Бұған қоса, Meta Platforms Inc компаниясымен Қазақстанда ЖИ технологияларын дамыту бойынша бірлескен акселерациялық бағдарламаны іске қосу жөніндегі келісімге қол қойылуын құптап, технология алыбымен өзара тиімді серіктестікті одан әрі нығайтуға дайын екенін растады.

Blackstone компаниясының негізін қалаушылардың бірі және басқарма төрағасы Стивен Шварцман да Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болды. Президент Blackstone компаниясының инфрақұрылым мен технологияны дамытуға арналған ауқымды инвестициялау стратегиясын сөз етіп, Қазақстан экономикасын әртараптандыру, инновация мен орнықты даму салаларындағы ұлттық басымдықтарымен тығыз байланысты екенін жеткізді.

Мемлекет басшысы Қазақстанды толық цифрлық елге айналдыру жөнінде стратегиялық міндет қойғанына егжей-тегжейлі тоқталды. Әңгімелесу барысында Қазақстанда дата орталық құрылысы жобасын бірлесіп іске асыру ұсынылды. Сондай-ақ еліміздегі қаржы технологиялары мен жылдам өркендеп келе жатқан компаниялар арқылы активтерді басқару саласындағы ынтымақтастық әлеуетін қарастыруға назар аударылды.

Президент ExxonMobil корпорациясының басқарма төрағасы және бас атқарушы

директоры Даррен Вудспен де кездесіп, ілтипат білдіре отырып, Қазақстанның мұнай-газ саласындағы негізгі серіктестерінің біріне айналған коммерциялық ұйыммен ынтымақтастыққа жоғары баға берді. Қасым-Жомарт Тоқаев пен Даррен Вудс компанияның Теңіз және Қашаған кен орындарындағы перспективасы жөнінде пікір алмасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев Embraer компаниясының президенті Франсиско Гомес Нетомен кездесті. Бразилиялық Embraer авиа құрылыс компаниясы жетекшісімен кездесуде жүк тасымалдау саласындағы ынтымақтастық мәселелері талқыланды.

Президент еліміздің Еуразия кеңістігіндегі негізгі көлік-логистикалық хабқа айналуға ұмтылатынын жеткізді. Әңгімелесу барысында Қазақстанда «Embraer» ұшақтарына техникалық қызмет көрсететін өңірлік сервистік орталық ашу перспективасы қарастырылды. Франсиско Гомес Нето Қазақстанның көлік-транзиттік әлеуетіне жоғары баға беріп, өзара тиімді ынтымақтастықты жалғастыруға дайын екенін растады.

Citigroup компаниясының бас атқарушы директоры Джейн Фрейзер де Қасым-Жомарт Тоқаевтың қабылдауында болды. Кездесуде еліміздегі ауқымды жобаларды қаржыландыру мәселелері талқыланды. Джейн Фрейзер Қазақстанмен арадағы серіктестікті банктер тобы қызметіндегі ең маңызды бағыттардың бірі ретінде қарастыратынын жеткізді.

сының қорытындысын құптап, еліміз Құрама Штаттардың Орталық Азиядағы негізгі серіктесі саналатынын атап өтті. Қазақстан АҚШ Үкіметімен және іскерлік орта өкілдерімен тиімді ықпалдастық орнатуға бейіл.

Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев АҚШ Президенті Дональд Трамппен өткен бүгінгі әңгімелесудің, сондай-ақ Сауда министрі Говард Латникпен, бірқатар америкалық ірі компаниялар басшыларымен кездесудің мазмұнын жоғары бағалады.

АҚШ Сауда палатасының жетекшісі экономикалық байланыстарды одан әрі кеңейтудің айтарлықтай әлеуеті бар екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен Сюзанн Кларк экономиканың түрлі секторында бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективасын қарастырды.

# ҚАЗАҚСТАН-АҚШ : ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА КӨКЖИЕГІ

(Басы 1-бетте)

Бұдан соң Мемлекет басшысы Қазақстан өзінің энергетикалық ресурстарын экспорттау бағыттарын әртараптандыруды көздейтінін жеткізді. Өңірдегі экономикасы ең қуатты ел ретінде Орталық Азияға Америка бизнесінің инвестициясын тарту және олардың кәсіп аясын кеңейту ісінде жетекші рөл атқаруға дайын екенін атап өтті. Бұл бағыттағы күш-жігерге C5+ және B5+ форматындағы тұрақты ынтымақтастық тың серпін бере алады. Президент дөңгелек үстел қатысушыларына елімізде жүзеге асырылып жатқан экономикалық және саяси реформалар туралы мәлімет берді.

— Қазақстан білім мен инновацияға арқа сүйеген экономика құруды мақсат етеді. Бұл ретте цифрлық трансформацияға баса мән беріледі. Еліміздің экономикасы өңірдің өркендеуінде негізгі рөл атқарады. Қазақстанның мұндай биікті бағындыруына Америка бизнесі айтарлықтай үлес қосады. Биылғы сегіз айдың қорытындысы бойынша еліміздің экономикалық өсімі 6,5 пайызды құрады. Біз дамудың жоғары қарқынын сақтай отырып, ауқымды саяси-экономикалық реформалар жүргізуге ниеттіміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы жүзеге асырылып жатқан жұмыстың барлығы Қазақстанның тікелей шетел инвестициясына тартымдылығын арттыруды көздейтінін айтты. Сонымен қатар Қазақ-

импорттайтынын алға тартты. Аталған стратегиялық маңызды міндетті жүзеге асыру ісінде Американың энергетика компаниялары басты рөл атқаратынына назар аударды. Сонымен қатар Президент геологиялық барлау әрі іске асырылып жатқан жобалардың аясын кеңейту, әсіресе, уран өндіру және оны өңдеу саласында жаңа мүмкіндіктерді зерделеу қажет екенін атап өтті. Қазақстан әлемдік уран нарығындағы сұраныстың шамамен 40 пайызын өтейді.

Президент маңызды шикізат материалдарын игеруді басым бағыт ретінде қарастыратынын жеткізді. Бұдан бөлек, Қазақстанда мыс, вольфрам, қорғасын, мырыш, литий, графит және жоғары технологияға аса қажетті басқа да пайдалы қазбалардың мол қоры бар екенін еске салды. Бұл мақсатта тау-кен саласында еңбек ететін инвесторлар үшін ашық әрі мазмұнды заңнамаға негізделген қолайлы юрисдикция қалыптасқанын еске салды. Отандық тау-кен секторына қазірдің өзінде Ivanhoe, Rio Tinto, Anglo Tesc және Fortescue сияқты ірі компаниялар келгенін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаев көлік және логистика секторындағы кең мүмкіндіктерге де тоқталды. Сондай-ақ Транскаспий халықаралық көлік бағдарын дамытудың келешегі зор екеніне назар аударды.

— Біз Wabtec компаниясының еліміздегі машина жасау және теміржол көлігі салаларын ілгерілетудегі негізгі рөлін жоғары бағалаймыз. Қазақстан аталған компаниямен серіктесе отырып,

тамалар Қазақстанның экспорттық қуатын арттырып қана қоймай, өнімдеріміздің жаңа өңірлік нарықтарға шығуына мүмкіндік береді. Ынтымақтастығымызды одан әрі нығайту үшін орнықты ауыл шаруашылығын дамытуды, су ресурстарын үнемдеп пайдалануды және аталған саланы цифрландыруды көздейтін ортақ Агроинновациялық бағдарлама жасауды ұсынамыз, — деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев мән берген келесі басымдық — цифрлық трансформация. Президент алдағы үш жылда Қазақстанды толық цифрлық мемлекетке және цифрлық трансформация мен жасанды интеллект саласында Еуразияда көш бастайтын IT-хабқа айналдыру жоспарымен бөлісті.

NVIDIA, Amazon, Starlink және Microsoft сияқты жаһандық технологиялық алпауыттар цифрлық экожүйемізді қалыптастыруға белсенді атсалысып жатыр. Мемлекет басшысының айтуынша, бұл еліміздің IT саласындағы әлеуеті орасан зор екенін көрсетеді. Бұл ретте цифрлық активтер, Индустрия 4.0, жасанды интеллект және «ақылды қала» шешімдері өзара ықпалдастықтың перспективті бағыттары саналады. Қаржы секторы туралы сөз қозғай отырып, Мемлекет басшысы дөңгелек үстел қатысушыларына «Астана» халықаралық қаржы орталығының мүмкіндіктерін таныстырды. Қазір онда 80-нен аса елден 4200-ден астам компания тіркелген. Оның 60-тан астамы — америкалық компа-



стан мен АҚШ арасындағы экономикалық және инвестициялық ықпалдастықтың негізгі бағыттарына тоқталды. Бұрыннан екіжақты ынтымақтастықтың негізі саналатын энергетика секторын алғашқы басымдық ретінде атады.

— Chevron және ExxonMobil компанияларының соңғы 30 жылда елімізге қомақты әрі табысты инвестиция салғанын мойындаймыз және жоғары бағалаймыз. Аймақтағы геосаяси дүрбелендерге қарамастан, олардың еліміздегі қызметіне қатысты ешқашан күмән туған емес. Еліміздің экономикасын жаңғыртуда, озық технологиялар енгізуде, экономикалық әлеуетіміздің орнықтылығы мен қуатын арттыруда сіздердің Қазақстандағы қызметтеріңіздің жағымды әсері болды. Біз Теңіз, Қашаған және Қарашығанақ мұнай кен орындарындағы америкалық серіктестерімізбен конструктивті ынтымақтастықты одан әрі жалғастырамыз. Өзара серіктестігіміз алдағы уақытта да әділ ері екі тарапқа тиімді нәтиже әкелгенін қалаймыз. Қазақстан өзінің энергетикалық ресурстарын экспорттау бағыттарын әртараптандыруды көздейді, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, өзара тиімді ынтымақтастықтың тағы бір перспективті бағыты — агроөнеркәсіп кешені. Егістік жерлерінің көлемі жағынан әлемде алтыншы орын алатын және ең ірі астық экспорттаушылардың ондығына кіретін Қазақстанның аталған саладағы мүмкіндіктері америкалық әріптестерді қызықтыруға тиіс.

— Америкалық компанияларды Қазақстанның ауыл шаруашылығы әлеуетін барынша пайдалануға шақырамыз. Біз PepsiCo және Mars компанияларының заманауи, экспортқа бағдарланған зауыт салу жоспарын құптаймыз. Аталған бас-

физикалық желілерді ғана емес, үлкен дерекқорға негізделген интеллектуалды, интеграцияланған көлік дәліздерін де құрып жатыр. Бүгін Wabtec компаниясымен 4 миллиард долларға жуық қаржының жаңа келісіміне қол қойылды. Бұл еліміздің АҚШ-пен көлік саласындағы ынтымақтастығын айтарлықтай нығайтады. Air Astana және SCAT сияқты алдыңғы қатарлы әуе компаниялары Boeing ұшақтарын пайдаланады. Азаматтық авиация паркiмiздiң негiзi осы ұшақтардан құралған. Біз Boeing компаниясымен ынтымақтастықты кеңейтуге және таяу жылдары жаңа ұшақтар алуға ниеттіміз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президенттің пікірінше, өзара тиімді ынтымақтастықтың тағы бір перспективті бағыты — агроөнеркәсіп кешені. Егістік жерлерінің көлемі жағынан әлемде алтыншы орын алатын және ең ірі астық экспорттаушылардың ондығына кіретін Қазақстанның аталған саладағы мүмкіндіктері америкалық әріптестерді қызықтыруға тиіс.

— Америкалық компанияларды Қазақстанның ауыл шаруашылығы әлеуетін барынша пайдалануға шақырамыз. Біз PepsiCo және Mars компанияларының заманауи, экспортқа бағдарланған зауыт салу жоспарын құптаймыз. Аталған бас-

ниялар. Бұған қоса, адами капиталды дамытудың маңызына ерекше тоқталды.

Сондай-ақ бүгінде «Болашақ» бағдарламасының 800-ден астам стипендия иегері АҚШ-тың Гарвард, Массачусетс технологиялық институты, Стэнфорд, Чикаго университеті секілді маңдайалды оқу орындарында білім алып жатыр. Бұл ретте Мемлекет жас буын көшбасшыларын қалыптастыру үшін америкалық университеттермен және зерттеу орталықтарымен бірлескен жобалардың аясын кеңейтуді ұсынды. Сонымен қатар, Президент мәдениетке бизнес тарапынан қолдау көрсету мәселесін де қозғады.

— Қазақстанның мәдени мұра қорын құру туралы Смитсон институтының шешімін ерекше ықыласпен қабыл алдым. Аталған қор халқымыздың бай мұрасын сақтау, зерттеу және әлемде насихаттаумен айналысады. Осы маңызды бастаманы белсенді түрде қолдағаны үшін Chevron компаниясы Директорлар кеңесінің төрағасы Майкл Уирт мырзаға ришалығымды білдіремін, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы Америка Құрама Штаттарымен стратегиялық серіктестікті одан әрі нығайту еліміздің сыртқы саясатындағы ұзақ мерзімді басымдықтардың бірі екенін айтты.

# МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ САУДА ПАЛАТАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІН ҚАБЫЛДАДЫ



Әңгімелесу барысында екіжақты тауар айналымын ұлғайту мақсатында ұзақмерзімді ынтымақтастықты жолға қою мәселелері талқыланды.

Қасым-Жомарт Тоқаев жоғары деңгейдегі америкалық жуырда Қазақстанда жүргізілген сауда-инвестициялық миссия-

# МІРЖАҚЫП ДУЛАТҰЛЫНЫҢ ЕСКЕРТКІШ АШЫЛДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасымен Мәжіліс Төрағасы Ерлан Қошанов Міржақып Дулатұлының 140 жылдығына арналған ескерткіштің ашылуына қатысты. Көрнекті қайраткер, Алаштың аяулы перзентінің еңселі ескерткіші Қостанай қаласында бой көтерді.



Салтанатты іс-шара барысында Мәжіліс Спикері Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді. — Төл тарихымызда азаттық үшін аянбай күрескен, ұлттың рухын көтеруге өлшеусіз үлес қосқан тұғырлы тұлғалар аз емес. Соның бірі әрі бірегейі — Міржақып Дулатұлы. Ол казактың асқақ арманы мен мұң-мұқтажын терең түсініп, ел мүддесіне қалтқысыз қызмет етті. Жұрттың сана-сезімін жаңғырту жолында еңбек етіп, жасампаз рухтың жаршысы болды. Адамзатқа ортақ құндылықтарды кенінен дәріптеп, жастарды өнер-білімге үндеді. Міржақып Дулатұлы әдебиетімізді жана деңгейге көтеруге зор еңбек сіңірді. Халқымыздың біртуар перзентінің қайраткерлік қасиеті мен азаматтық ұстанымдары өскелең ұрпаққа әрдайым үлгі-өнеге болары сөзсіз, — делінген Президент құттықтауында.

Салтанатты іс-шараға Қостанай облысының әкімі Құмар Ақсақалов, Мәжіліс депутаттары, зиялы қауым өкілдері мен жергілікті жұртшылық қатысты. Қазақстанның Халық жазушысы Төлен Әбдік пен

кен ауқымда атап өтілуде. Бүгін Торғай ауылында халықаралық ат марафоны «Ұлы дала жорығы» аламан бәйгесі басталады. Тұлпарлар Тобыл-Торғай даласын дүбірлетіп, 500 шақырымдық марафонда бак сынайды.

Бұдан бөлек, міржакыптануға арналған ғылыми конференция мен дүлдүл ақындардың басын қосқан республикалық айтыс өтті.

Мәжіліс Спикері бұл айтулы іс-шаралар мемлекеттің, ұлтының Алаш арысына берген бағасы, көрсеткен құрметі екенін атады. — Біз қазір де тарихи, тағдырлы шақта өмір сүріп жатырмыз. Алаш арыстары ансаған Тәуелсіздікке қолымыз жетті. Еңселі ел болдық. Соңғы жылдары Президенттің жүйелі, кешенді реформалары халқымыздың жан-жақты қолдауын тауып отыр. Елдегі оң өзгерістер қоғамның болашаққа деген сенімін нығайтып келеді. Біздің бүгінгі максатымыз



М.Дулатұлының жиені Ерлан Сатыбалдиев сөз сөйлеп, Алаш қайраткерінің рухына тағзым етті.

Жалпы, Міржақып Дулатұлының 140 жылдығы облыс, республика деңгейінде

— Әділетті, Қуатты, Таза және Қауіпсіз Қазақстанды құру. Айналып келгенде, кешегі Алаш арыстарының да, бүгінгі біздің де арман-ансарымыз осы, — деді Ерлан Қошанов.

# ДЕПУТАТТАР ПАВЛОДАРДЫҢ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА АЛАҢДАЙДЫ



Мәжілістегі Экология және табиғатты пайдалану комитеті Павлодар облысында «Өңірдің экологиялық қауіпсіздігі мәселелері» тақырыбында көшпелі отырыс өткізді. Сапар аясында депутаттар ірі өнеркәсіптерді, тазарту нысандарын және тарихи сынапты ластаумен байланысты «Былқылдақ» жинақтағышын аралады.

Жиында өндірістің қоршаған ортаға әсерін азайтуға, тазарту жүйелерін жаңғыртуға, барлық ірі ластаушы кәсіпорынға автотоматтандырылған мониторинг жүйелерін орнатуға және жинақталған экологиялық ластанудың салдарын жоюға назар аударылды.

Комитет төрағасы Еділ Жаңбыршин Мемлекет басшысы өз жолдауларында экология мәселелерін әрдайым айрықша мән беретінін, қоғамда экологиялық мәдениетті дамыту жөнінде нақты тапсырмалар бергенін атап өтті.

— Комитет қоспарына Павлодар облысына сапарды бекітуіміз бекер емес. Өйткені еліміздің қоршаған ортасына шығатын ластаушы шығарындылардың үштен бірін осы өңір құрап отыр. Өңірдің экологиялық проблемаларынан хабарымыз бар және оларды тұрақты түрде талқылап келеміз, — деді Е.Жаңбыршин.

Экология және табиғи ресурстар вице-министрі Жомарт Әлиев республикадағы жалпы шығарындылардың шамамен 30 пайызы Павлодар облысына тиесілі екенін айтты. Ол ірі кәсіпорындарды ең озық қолжетімді техникаларға көшіру мен Ертіс өзенін қорғауға арналған тазарту құрылыстарын жаңғырту басым бағыт екенін алға тартты.

Дегенмен Павлодар облысы әкімінің орынбасары Әйгерім Кабылтаева өңірдің индустриялық жүктемесі жоғары болғанына карамастан, қолжетімді ең озық техникаларды енгізу және экологиялық шараларды жүзеге асыру нәтижесінде ауаға шығарылатын зиянды заттардың көлемі біртіндеп азайып келе жатқанын жеткізді.

Бұл ретте Павлодар облысының мамандандырылған табиғат қорғау прокуроры Ерлан Салханов қабылданған шаралар нәтижесінде табиғатты пайдалану саласын-

дағы құқықбұзушылықтардың жолы кесілгенін, су және орман ресурстарын қорғау күшейтіліп, бюджетке келуі мүмкін елеулі шығындарға тосқауыл қойылғанын айтты.

Депутаттар «Былқылдақ» жинақтағышындағы сынапты ластану, рұқсат етілмеген қоқыс үйінділері, Павлодар, Ақсу және Екібастұздағы көріздік тазарту құрылыстарының тозуы, сондай-ақ облыс орталығында нөсерлік-көріз жүйесінің болмауы, соның салдарынан Ертіс өзенінің үстіңгі ағыммен ластануы мәселелерін көтерді. Бұл түйткілдің барлығы тұрғындардың денсаулығына, экожүйенің тұрақтылығына және өңірдің әлеуметтік дамуына тікелей әсер ететініне назар аударды.

Комитет төрағасы депутаттар бюджет заңнамасына арнайы түзету енгізгенін, енді экологиялық заңнаманы бұзған жер қойнауын пайдаланушылардан өндірілген айыппұлдар республикалық бюджетке емес, жергілікті бюджетке түсіп, тікелей сол өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға жұмсалатынын еске салды.

— Бұл өңірлердің экологиялық ахуалын жақсартуға нақты қаржылық негіз қалыптастыратын кадам деп есептеймін. Алда жылу электр орталығының күлін, металлургия шлактары мен шламдарын екінші реттік шикізат етіп бекіту, құрылыс және жол компанияларының күл мен металлургия қалдықтарын міндетті түрде қолдануын қадағалау, өндірістік қалдықтарды құрылысқа пайдалану үшін ынталандыру шараларын енгізу сияқты міндеттер тұр. Павлодар, Ақсу және Екібастұздағы тозуы 83-85 пайызға жеткен көріз-тазарту құрылыстарын жаңғырту, заманауи полигондар мен қайта өңдеу кешендерін салу, «Былқылдақ» лас сулар қоймасындағы тарихи сынапты ластануды жою үшін әлемдегі заманауи технологияларды енгізу жұмыстарын да бақылауға алатын боламыз, — деді Е.Жаңбыршин.

Көшпелі отырыс қорытындысы бойынша комитет төрағасы мемлекеттік органдармен және кәсіпорындармен бұл бағыттағы өзара іс-әрекетті жағаластыруға дайын екенін мәлімдеді. Негізгі тұжырымдар мен ұсыныстар әзірленіп, Үкіметке жолданатын болады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында заң мен тәртіптің мемлекетіміздің негізі екендігін атап өтті. Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысында да нашақорлықпен күресті күшейту қажеттігін және есірткі бизнесіндегі әлемдік үрдістің алаңдатарлық сипатын сөз еткен болатын. Жиын Президент Жолдауы аясында ұйымдастырылды.

# ЕСІРТКІМЕН КҮРЕСТІ КҮШЕЙТУ ҚАЖЕТ



Кенес төрағасы, Парламент Мәжілісінің депутаты Нартай Сәрсенғалиевтің айтуынша, ресми деректер бойынша Қазақстанда динамикалық бақылауда тұрған есірткі қолданушылар саны 18 мыңнан асқан.

«Бүгін біз талқылайтын мәселе — тек әлеуметтік кесел емес, бұл — ұлтқа төнген қауіп. Соңғы жылдары синтетикалық психоактивті заттарға тәуелділердің саны айтарлықтай өскен. Егер 2018 жылы бұл көрсеткіш небәрі 147 адам болса, 2023 жылы олардың саны 731-ге жетті. Бұл — ахуалдың ушығып бара жатқанын көрсетеді. Соңғы бес жылда тәркіленген синтетикалық есірткінің көлемі 143 есеге өсіп, 7,7 келден 1,1 тоннаға жетті. Бұл тек құқық қорғау органдарының қолына түскен көлем, ал жасырын айналымдағы мөлшер әлдеқайда көп болуы мүмкін», — деді Н.Сәрсенғалиев.

Отырысқа Парламент Мәжілісінің депутаттары Жаркынбек Амантайұлы, Тәнсәуле Серіков, Наурыз Сайлаубай, Нұрлан Уәсбаев, орталық мемлекеттік органдардың өкілдері: Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Бауыржан Әленов, Мәдениет және ақпарат вице-министрі Евгений Кочетов, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің 4-қызметі 5-департаменті 6-басқарма бастығының орынбасары Нариман Ахмет, Қаржылық мониторинг агенттігі 1-ші оперативті басқармасының басшысы Рустам Сюнтьев, Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық көмек ұйымдастыру департаментінің директоры Гүлнар Сәрсенбаева, сарапшылар мен «Жастар Рухы» өкілдері қатысты. Жиында осы мәселеге қатысты тиісті органдардың баяндамалары тыңдалды.

Ішкі істер министрінің бірінші орынбасары Бауыржан Әленов «Заң мен тәртіп» қағидаты негізінде атқарылған кешенді шараларды атап өтті:

«Биылғы 6 наурыздан бастап есірткі бизнесін ұйымдастырушылар мен өндірушілерге қатысты жазалар өмір бойы бас бостандығынан айыруға дейін күшейтілді. 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап прекурсорлар мен күшті заттардың заңсыз айналымы үшін қылмыстық жауапкершілік енгізіледі. Биыл жыл басынан бері 5 мыңнан астам (5 385) есірткі құқықбұзушылығы анықталды. ІІМ жүргізген операциялардың нәтиже-

сінде 14 ұйымдасқан қылмыстық топ, соның ішінде 3 трансұлттық топ жойылды, 12 есірткі зертханасы тоқтатылды», — деді Бауыржан Әленов.

«Киберналзор» ақпараттық жүйесі арқылы біз интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілерге тұрақты түрде мониторинг жүргіземіз.

Осы жылдың бірінші жартыжылдығында (3 қаңтардан 2 қыркүйекке дейін) құрамында есірткі заттарын, психотроптық құралдарды, олардың аналогтарын мен прекурсорларын насихаттайтын 8 268 материал анықталды. 624 интернет-ресурс пен сілтемеге қолжетімділікті шектеу бойынша 50 нұсқама беріліп, 96 заңсыз материалға қатысты 37 ескерту хаты жолданды», — дейді Мәдениет және ақпарат вице-министрі Кочетов Евгений.

Ал Денсаулық сақтау министрлігі Медициналық көмек ұйымдастыру департаментінің директоры Гүлнар Сәрсенбаева есірткілер мен психотропты заттардың көбінесе жасөспірімдер мен жастар арасында қолданылатынын және оларға реабилитация кезеңінің өте маңызды екендігін атап өтті:

«Жастар үшін реабилитациядан кейінгі әлеуметтендіру жүйесін ұйымдастыру аса маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Әсіресе, 85 жасөспірімдер мен жастардың денсаулығы орталықтарының жұмысы ерекше көңіл бөледі қажет етеді. Олар 10-29 жас аралығындағы жасөспірімдер мен жастардың психикалық және репродуктивтік денсаулығын сақтау мен нығайтудың негізгі рөлін атқарады. 2024 жылы осы орталықтардың мамандарына 700 мыңнан астам жас адам жүгінді. Бұл тек сан ғана емес, бұл — осы орталықтардың максатты аудитория арасында сенім мен қажеттіліктің айқын көрсеткіші», — деді Г.Сәрсенбаева.

Сонымен қатар кеңесте Қарағанды облыстық Жастарды қолдау жөніндегі кеңес төрағасы Асқар Оразбеков аймақтағы есірткімен күрестің алдын алу бойынша ұсыныстарымен бөлісті. «Жастар Рухы» ЖК елордалық филиал төрағасы Арсланбек Мағзұм атқарылған шаралардың нәтижелерімен таныстырды. Психиатр-нарколог Нұрлан Шайдуллин мен отбасылық психолог Ержан Мырзабаев өз пікірлерін білдірді.

# СУ ТАСҚЫНЫНАН КЕЙІН ТҮЛЕГЕН АУЫЛ

Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Жұлдыз Сүлейменова мен облыстық мәслихат депутаты Құлпаршын Айдарханова Ақтөбе облысының Ырғыз ауданына барды. Депутаттар су тасқынынан кейінгі Нұра ауылының жағдайымен танысып, тұрғындардың өтініш-тілегін тыңдады.

Бүгінде табиғи апаттан жадап-жүдеген ауылдың тамырына қан жүгіріп, ауқымды жанару жұмыстары жүзеге асқан. Партияның Жол картасы аясында медициналық пункт бой көтеріп, заманауи мектеп салынып жатыр. Сондай-ақ елді мекенге газ тартылып, ауызсу мен электр жарығы да жеткізілген. Мәжіліс депутаты жанарған ауылдың тыныс-тіршілігін өз көзімен көріп, жоғары баға берді.

«Бұл — Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың ауыл халқын, су тасқынынан зардап шеккен азаматтарға қолдау көрсетуінің нақты нәтижесі. Президенттің қамқорлығы мен тапсырмаларының арқасында Нұра ауылы жана деңгейге көтеріліп, тұрғындардың өмір сүру жағдайы жақсарғаны қуантады. Бүгінде Нұра — жанарған, болашағы нық ауыл!» — деді депутат.

Жұлдыз Сүлейменова былтыр да су тасқыны болған Ырғыз ауданына арнайы келген болатын. Ол кезде Нұра ауылына баратын жолды су шайып, диттеген жерге жете алмады. Дегенмен эвакуациялық пункттегі тасқыннан зардап шеккен нұралықтардың жағдайын біліп, қиындығын бөліскен еді. Халық қалаулысы бұл жолы ауылға арнайы ат басын бұрып, жанарған ауылдың келбетіне куә болды.

Сондай-ақ Мәжіліс депутаты Нұра ауылында салынып жатқан білім ордасы мен медициналық пунктті аралап, халықпен кездесті. Кейін қоғамдық қабылдау жүргізіп, тұрғындардың өтініш-тілегін тыңдады. Депутаттар іссапары аудан орталығы — Ырғыз ауылында жалғасты.

23 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕЙСЕНБІ

# МИНИСТРЛІК – ТАРАЗЫ, ЕҢБЕККЕРЛЕР – НАРАЗЫ

Қазақстанда жалпы саны 9,3 миллион адам жұмыс істейді. Ал сарапшылардың бағалауынша, елдегі жұмыс орындарының саны шамамен 12 миллионнан асады. Сонда 2,7 миллиондай жұмыс орнында кім істейді? Оның бәрі бос тұр ма? Жоқ. Жетіспеушілік байқалғанымен, дәл Ресейдегідей Қазақстанда кадр тапшылығы барлық салада аса өткір тұрған жоқ. Бұл жұмыс орнының басым көпшілігін азаматтар қоса атқарады. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі осы «кіре тартар күрең аттай» нағыз еңбекқор адамдарға қатысты шектеу енгізілгенін жариялады.

**А Елдос СЕНБАЙ**

## ЖҰМЫССЫЗ ЕРЛЕР ЖӘНЕ ӘЙЕЛДЕР ТЕНЕЛДІ

Ұлттық статистика бюросының мәліметі бойынша, Қазақстанның 20,4 миллион халқының ішінде жұмыс күші 2025 жылдың бірінші жартысының қорытындысында 9 749 205 адамды құрады. Оның 5 025 037-сі — ер, 4 724 168-і — әйел адам. Соның ішінде, 9 300 414 тұрғын жұмыспен қамтылған. Тарата айтқанда, 4 815 009-ы — еркек, 4 485 405-і — нәзік болмыс иелері.

Кейде депутаттардың өзі: «Жұмысқа қабілетті әйелдердің көбі отбасы, ошақ қасынан аса алмай, үйбике болып, үйде отыруға мәжбүр», — деп ескі стереотиптің отына май құйып жатады. Ұлттық статорман мұны жоққа шығарды: тепсе темір үзетін тегеуеріні бар көптеген еркек шөп басын сындырмай, әйелінің тапқанына немесе балаларының жәрдемақысына өмір сүретін көрінеді. Ұлттық статистика бюросының (ҰСБ) ресми дерегінше, республикада 448 791 адам жұмыссыз. Соның ішінде, жұмысқа жарамды еркегі — 210 028, әйелі — 238 763 адам.

Басты тақырыпқа қайта оралсақ, ҰСБ 2025 жылдың ІІ-ші тоқсанының қорытындысы бойынша, елде 9,3 миллион адам жұмыспен қамтылғанын мәлімдеді. Ал Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры өзінде жұмыс істейтін азаматтар ашқан жеке зейнетақы шоттарының саны 12 408 751-ге жеткенін хабарлады. Соның ішінде, 456 440-ы — адамдардың өз бетінше аударатын ерікті зейнетақы жарналарына арналған шот. Бұл көрсеткіш біркатар сарапшының 12 миллионнан астам жұмыс орны бары туралы тоқтамын бекемдей түседі.

Жазира (аты-жөнін толық жарияламауды өтінді — ред.) келісімшарт бойынша мемлекеттік ұйымда еңбек етеді. Сонымен бірге, белгілі дүкендер желісінің SMM-менеджері қызметін қоса атқарады. «2023 жылы Президент Жарлығымен біздің министрлік бөлшектеңіп, жанадан құрылды. Бұрынғы қарбалас тірлік жойылды, жұмыс ауқымы азайды, толассыз есептілік енді жоқтың қасы. Мұның сыртында 2022 жылы штат санын көбейтуге қойылған мораторий жойылып, ведомство жаңа қызметкерлерді қаптатып

алды. Осының арқасында біраз қолымыз босап, көңіл жай тапты. Екінші жұмысқа тұруға мүмкіндік туды», — дейді ол.

Екінші жұмыс берушісінде Жазираның міндетіне күніне бір-екі рилс пен он шақты сторис жариялау, қысқа видеолар түсіріп, монтаждау, әлеуметтік желідегі паракшаларды жүргізіп, посттарды рәсімдеу, трендтер туралы хабарлар ету, статистикалық талдауды жүргізу сияқты міндеттер кіреді. Жұмыстан босай сала, сондай-ақ сенбі-жексенбі күндері көлігіне отырып, сауда желісін бір аралап шығады, қажетті материалдарды жинайды. Қалған шаруаны үйінде отырып атқарады. Осы үшін қосымша 700 мың теңгеге дейін жалақы алады.

«Мемлекеттік мекеме төлейтін жалақы 200 мыңның айналасында ғана. Кейде бизнеске біржола кетіп қалғым келеді. Бірақ жыл сайынғы ақысы төленетін демалыс, материалдық көмек, ұлттық-мемлекеттік мерекелер сайын берілетін сыйақы және басқасы — бірінші орнымнан. Пәтерді де сол арқылы алғанмын. Алайда егер Еңбекмині қоса атқаруды шектеп тастайтын жағдай, перспективасы мол әрі жұмыс кестесі икемді бизнес секторды таңдаймын. 2 миллионға дейін табыс табатын таныс SMM-шілер бар», — дейді Жазира.

## ТҮСІНІКТЕМЕ НЕГЕ ТҮСІНБЕУШІЛІК ТУДЫРДЫ?

Қызметкерлердің бірнеше жұмыс берушіде қатар жұмыс істеуі мәселесіне қатысты Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің түсініктемесі лайықты табыс табу үшін бірнеше жерде істеуге мәжбүр еңбеккерлерді мазалаған мәселелердің басын ашқан жоқ, керісінше қоғамда пікірталас туғызды.

Себебі ведомство Еңбек кодексінде бұл тұрғыда шектеу барын жариялады. «Оған сәйкес, қазақстандықтар бір уақытта бірнеше жұмыс орнында және өртүрлі жұмыс берушілерде еңбек ете алады, алайда келесі шектеулер міндетті түрде сақталуға тиіс: негізгі жұмыста 8 сағаттан артық, ал қосымша (қосалқы) жұмыста 4 сағаттан артық жұмыс істеуге болмайды. Яғни, жұмыс уақытының жалпы саны бір тәулікте 12 сағаттан аспауға тиіс», — деп мәлімдеді Еңбекмині.

2024 жылы жаңартылған Еңбек кодексінің 1-бабының 1-тармағының 56)-тармақшасына

сәйкес, қосымша жұмыс — бұл жұмыскердің негізгі жұмысынан тыс уақытта еңбек шарты негізінде басқа тұрақты әрі ақылы жұмысты орындауы. Айтпақшы, Еңбекмині «Мемлекеттік қызмет туралы» заңына сәйкес, мемлекеттік қызметшілердің қосымша жұмыс істеуіне тыйым салынғанын ескертті. Өйткені олардың педагогикалық, ғылыми және шығармашылық қызметтен басқа, өзге ақылы қызметпен айналысуына құқығы жоқ. Демек, егер сыртта басқа жұмыстан табыс тауып жүргенін, мысалы, такси агрегаторына тіркеліп, ақыға жолаушылар таситынын жұмыс берушісі біліп қойса, жұмысынан шығарып жіберуі мүмкін.

Еңбек министрлігі кодекс талабына сәйкес, басқа жұмыс берушімен қосымша жұмысқа еңбек шартын жасасу үшін жұмыскер негізгі жұмыс орнынан еңбек жағдайлары мен сипаттамасын растайтын анықтама ұсынуы қажеттігін нақтылады. Анықтамада негізгі жұмыс орнының атауы, лауазымы, еңбек жағдайлары мәліметтері келтірілуі керек.

«Кодекстің 68-бабының 3-тармағына сәйкес, негізгі жұмыс орнындағы және қосымша жұмыстағы күнделікті жұмыс уақытының жиынтық ұзақтығы осы кодекстің 71-бабының 4-тармағында белгіленген күнделікті жұмыс уақытының ұзақтығынан 4 сағаттан артық болмауға тиіс», — деп қайталай нықтады еңбек ведомствосы. Қосымша жұмыс бойынша еңбек шарты негізінде жұмыс істейтін қызметкерлерге жыл сайынғы ақы төленетін еңбек демалысы негізгі жұмыс орны бойынша демалыспен бір мезгілде берілетіні қадап айтылды. Яғни, жұмысшы бірінші, екінші, бәлкім, үшінші жұмыс орнының әрқайсысынан жыл сайын 24 күннен — жалпы саны 72 күнге «отпуск» ала алмайды.

Егер қосымша жұмыс бойынша еңбек шарты шеңберіндегі жыл сайынғы ақы төленетін демалыстың ұзақтығы негізгі жұмыс орны бойынша демалыс ұзақтығынан аз болса, онда жұмыскердің өтініші бойынша жұмыс беруші демалыстардың ұзақтығындағы айырмашылық күндеріне жалақы сақталмайтын демалыс береді.

— Қорыта айтқанда, жұмыскер бір уақытта бірнеше жұмыс орнында және өртүрлі жұмыс берушілерде еңбек ете алады. Бірақ келесі шектеу сақталуға міндетті: негізгі жұмыста — 8 сағаттан, ал қосымша жұмыста 4 сағаттан аспауы керек, яғни барлығы бір тәулікте 12 сағаттан аспауға тиіс, — делі Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі.

Айта кету қажет, Еңбек кодексінде (26-бабының 2-тармағының 5)-тармақшасында) қазақстандықтардың үлкен бір санатына қоса атқаратын жұмысты істеуге тыйым салыныпты. Оған сәйкес, 18 жасқа



толмаған балаларды, сондай-ақ ауыр жұмыстарда, зиянды немесе қауіпті еңбек жағдайларында еңбек ететін жұмыскерлерді (медициналық қызметкерлерді қоспағанда) қосымша жұмысқа қабылдауға жол берілмейді. Бұларды қоса атқаратын жұмысқа алған жұмыс берушілер әкімшілік жаза тартатын көрінеді.

## ШЕКТЕУ ЖҰМЫС КҮШІН ЖАРҒА ЖЫҒУЫ МҮМКІН

Ел екі-үш жұмысқа еріккеннен жетілмейтіні даусыз. Бір жұмыс орны шаш етектен табысқа кенелтіп отырса, өз еркімен тәнін тоздырып, жанын жүдететін жағдайға түсеуі бармай, 8 сағаттық режимді сақтап, шалқи өмір сүреді еді. HR-маман Нұрлыбек Құрманұлы шектеулердің негізінен мемлекеттік қызметшілерге қатысты екенін айтады, олар кешкі алтыда үйлеріне тарайды.

— Жасыратыны жоқ, 8 сағаттық жұмыс кестесі мемлекеттік қызметтен басқасында сақтала бермейді. Кейбір ұлттық компанияда, жеке компанияларда жұмыскер жұмысқа қабылдау туралы келісімшартқа отырғанда, форс-мажор жағдай болмаса, тіпті жыл сайынғы демалысы кезінде де ұялы телефонның сөндіріп тастамауға және жұмыс орнынан қонырауларға жауап беруге өз мойнына міндеттеме алады. Бұл не үшін жасалады? Қажет болғанда, жұмыскерді, маманды түн ішінде болса да кенесеге шақыртып алу үшін керек. Еңбекмині не десін, бұл практика жасырын жалғасады, — делі Н.Құрманұлы.

Алайда бұл пікірмен жауапты шенеуніктер келіспейді, олар қатаң бақылау болатынын ескертті. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Олжас Анафиннің

айтуынша, қазіргі уақытта Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесіне (ЕШЕБЖ) жұмыс берушілермен жасалған еңбек шарттары туралы мәліметтер енгізіледі. Соның негізінде Мемлекеттік еңбек инспекциясы комитеті мониторинг жүргізіп жатыр. Мониторингтің басты мақсаты — азаматтардың еңбек қатынастарын рәсімдеу және еңбек құқықтарын қамтамасыз ету. Жұмыс берушілер кадрлық істі осы жүйеде жүргізуге көшіріледі.

Өйткенмен, қазір мемлекеттік органдар ғана тексеріліп жатқаны айқындалды. «Еңбек кодексі бойынша адам бірнеше жерде бір уақытта толық жүктемемен істей алмайды. Мысалы, егер бір мекемеде толық жүктемемен жұмыс істесе, онда басқа жерде тек аз сағатқа қосымша жұмыс істеуіне рұқсат етіледі. Мұндай жағдайлар бірыңғай жүйе арқылы бақыланып отырады, тиісті ақпарат еңбек инспекторларына жолданады. Бүгінде мемлекеттік ұйымдар арасында тексеріс жүргізіліп жатыр», — делі Олжас Анафин.

Вице-министр мемлекеттік қызметте санда бар, сапта жоқ «өлі жандардың» жұмыс істеу жағдайлары тіркелгенін жасырмады. Аталған мониторинг, О.Анафиннің сендіруінше, бұл азаматтардың формалды түрде ғана жұмысқа орналасуы жағдайын болдырмау үшін жасалады. Яғни, құжат жүзінде жұмыс істейді деп көрсетілгенімен, іс жүзінде ешқандай қызмет атқармайтын мемқызметшілер ешкереленбек. Қоса атқаруға қатысты шектеулер елде жұмыссыздықтың өсуіне, халық табысының құлдырауына соқтырмай ма? Оны тәжірибе көрсетеді.

# «ҚАЛТАФОНҒА» КӨШКЕН ӘМИЯН КӨП



Қазір смартфон тек байланыс құралы ғана емес, әр адамның жеке әмиянына айналды. Интернетке қосылу мүмкіндігі мен мобильді банкинг қосымшалары қазақстандықтардың күнделікті өмірін түбегейлі өзгертті десек қателеспейміз. Статистикалық мәліметтерге сай, елімізде интернет-банкінг қызметін белсенді пайдаланушылар саны 27 миллионнан асып кеткен көрінеді.

**А Әсет ҚАЛИ**

Төлем жасау, ақша аудару, шотты басқару, тіпті жеңілдіктер мен бонустар алу үшін енді банк бөлімшесіне барудың қажеті жоқ. StatCounter деректеріне сүйенсек, биылғы шілдеде ғаламдық веб-трафиктің 60,5%-ын мобильді құрылғылар иеленген. Қазақстанда бұл көрсеткіш 55,3%-ға жетіп, смартфондардың күнделікті өміріміздегі рөлін айқын көрсетті. Смартфондар бүгінде жұмыс, қаржы, хобби, әлеуметтік желілер, достар мен отбасымен байланыс сияқты сан қырлы саланы біріктірген әмбебап құралға айналып отыр.

— Қазақстанда сандық әмияндар енді ғана жолға қойылып жатыр. Ал интернет-банкінг бүгінде банк бөлімшелерінің жүктемесін айтарлықтай азайтты десем

қателеспеймін. Бұрын әрбір транзакция қасиет мен менеджер арқылы жасалса, қазір оны үйден шықпай-ақ орындауға болады.

Сандық әмиян үрдісі COVID-19 дәуірінде ерекше серпін алды. Пандемия кезінде қолма-қол ақшасыз төлемдер, мобильді аударымдар, QR-код арқылы төлемдер халықты қиын жағдайда қалдырмай, банктердің тұрақтылығын сақтап қалуға мүмкіндік берді. Әрбір адамның смартфонда қолжетімді төлем құралдарының болуы экономикалық айналымның тоқтап қалмауына ықпал етті, — дейді қаржылық талдаушы Арман Бейсембаев.

Интернет-банкінг әрқашанда даму сатысында жүрді. Қаржы мәселесі бойынша экономика ғылымдарының кандидаты Сапарбай Жобаев соңғы жылдары онлайн-банкінгте осындай өсімнің болуы таңғаларлық жағдай емес екенін алға тартты.

— Интернет-банкінг қолданушыларының ресми статистикадағы өсімі таңғаларлық емес. Себебі көпшілік азамат бірнеше банктен қатар есепшот ашады: мысалы, зейнетақыны Халық банкі арқылы шешсе, күнделікті сауданы Kaspi Bank-тен жүргізеді, ал кей жағдайларда Отбасы банкі де қосылады. Шын мәнінде, белсенді пайдаланушылардың нақты саны 7-8 миллион шамасында болуы мүмкін. Дегенмен бұл көрсеткіштің өзі банк жүйесінің қарқынды дамып, халықты өртүрлі қаржылық сервистерге жүгінуге мәжбүрлеп отырғанын аңғартады, — дейді Сапарбай Жобаев.

Мобильді төлемдер бойынша Ranking.kz деректеріне сүйенсек, 2023 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда олардың саны 12,4%-ға өскендігін көрсетеді. Енді екінші деңгейлі банктер мен басқа да қаржы институттарының ең танымал мобильді қосымшаларын бір шолып өтейік.

Google Play-дегі «Қаржы» санатындағы ең танымал мобильді қосымша — Kaspi.kz Super App. Kaspi банкінің бұл мобильді қосымшасы ұзақ уақыт бойы тұрақты түрде бірінші орынды иеленіп келеді. Екінші орын Халық банкінің Halyk Kazakhstan мобильді қосымшасына бұйырды. Үздік үштікті Отбасы Банкінің қосымшасы түйіндеді. App Store рейтингі де алдыңғыға ұқсас. Өйткені Apple пайдаланушылары арасында да Kaspi ең танымал мобильді қосымша болып отыр. Екінші орында — Halyk Kazakhstan, үшінші орын Otbasu Bank қосымшасына бұйырды.

## ПАЙДА ТАПТЫМ ДЕГЕНШЕ, «БОНУС» ТАПТЫМ ДЕСЕЙШІ

Мобильді қосымшамен қатар көптеген банктер клиент тарту және оларды ұстап қалу үшін бонустық бағдарламаларын қолданыса енгізді. Мұндай бағдарламаларға кешібэк, жинақталатын ұпайлар, серіктес дүкендердегі жеңілдіктер жатады. Мысалы, мобильді қосымшада белгілі бір төлем жасаған тұтынушы ұпай жинап, кейін оны тауар немесе қызметке жұмсай алады. Бүгінде банктер арасында әр сатып алудан пайыздық кешібэк қайтару құралы кең таралған.

Дегенмен мұндай бонустармен табыс табуды әдетке айналдырмаған жөн. Қаржылық талдаушы Арман Бейсембаевтың сөзінше, бұл жай ғана маркетингтің қадам ғана.

— Банктердің бонустық бағдарламалары маркетингтік құрал екенін ұмытпауымыз керек. Клиенттерге белгілі бір сома «қайтарылып жатқандай» әсер қалдырғанымен, мұны табыстың нақты өсуі деп қабылдау — қате тұжырым.

Мысалы, Kaspi Bank кезінде кенауқымды және тартымды бонустық жүйе ұсынды. Алайда уақыт өте келе бағдарлама қысқартылып, бүгінде тек жекелеген акциялар аясында ғана сақталды. Бұл банктің белгілі бір деңгейге жетіп, тұтынушыларды өз өнімдеріне «үйреткеннен» кейін артық шығынды азайтуға көшкенін көрсетеді.

Мұндай тәсілдің логикасы қарапайым: жаңа дүкен ашылғанда алғашқы кезеңде жеңілдіктер көп болады, ал бренд танымалдыққа ие болған соң, акциялар қысқарады. Каспi енгізген бонустық мәдениетті кейін басқа банктер де қолдана бастады, — дейді сарапшы.

## ҚОЛМА-ҚОЛ АҚШАНЫҢ ДӘУІРІ ӨТТІ МЕ?

Қазақстанда жалпы қартқоқалық айналымдағы қолма-қол ақшасыз операциялардың үлесі 98,3%-ды, қолма-қол ақшасыз жұмсалған қаражаттың үлесі 87%-ды құрады. Осылайша, Қазақстанда қаражатты жұмсаудың қолма-қол ақшасыз әдістері орасан зор маржаман басым түсті.

Қолма-қол ақшасыз төлем секторында қаражаттың ең көп көлемі, яғни барлық қолма-қол ақшасыз транзакциялардың 80,1%-ы дәстүрлі түрде онлайн және ұялы телефон арқылы аударылған (және қартқоқалық операциялардың жалпы көлемінің 70%-ға жуығы). Ақшалай операциялардың ауқымды бөлігінің мобильді және онлайн-банкінг арқылы жүргізілуі интернеттің дамуы мен қаржы жүйесінің цифрлануына айтарлықтай үлес қосып отыр.

Қаржылық талдаушы Арман Бейсембаевтың пікірінше, қолма-қол ақшаларды онлайн төлем жүйелерінің ығыстыруы уақыттың өткенімен бірге, Алдағы жылдары әр адам осындай үрдіске дайын болуы керек екенін атап өтті.

— Болашақта цифрлық ақша дәстүрлі төлем жүйесін біртіндеп ығыстырады. Адамзат тарихына көз жүгіртсек, бұл «ақшаның» алғашқы трансформациясы емес. Басында адамдар бартермен теріні, астықты, құралды айырбастаса, кейін теңге рөлін түрлі заттар, яғни тастар, қабыршақтар, жануар терілері атқарды. Уақыт өте тиімді жол іздеген қоғам алтынға көшті. Алтынның сирек кездесуі, ұзақ сақталуы және ембаптығы оны басты айырбас құралына айналдырды. Кейін алтын монеталардың орнын қағаз ақша басты, себебі оны сақтау да, алып жүру де жеңіл болатын.

Интернет технологиялары дамығаннан кейін қолма-қол емес төлемдер кең тарады. Бұл әлі цифрлық ақша емес, тек қолма-қолдың баламасы еді. Ал блокчейннің пайда болуы жаңа кезеңді бастады.

Бүгінде халықтың басым бөлігі қолма-қол ақшасыз есеп айырысуға бейімделіп алды. Көптеген адам банкнотты қолына қашан ұстағанын да есіне түсіре алмайды. Әсіресе, COVID-19 кезінде онлайн төлемдер негізгі құралға айналып, дәстүрлі банктік бөлімшелердің маңызы төмендеді, — дейді А.Бейсембаев.

**P.S.** Дегенмен шифрлық қаржы жүйесінің артықшылықтары көп болғанымен, белгілі бір тәуекелдер де бар екенін естен шығармауымыз керек. Мәселен, интернет әп-сәтте істен шықса, халықтың жаппай банкоматтарға жүгініп, қолма-қол ақша іздеп кетуі ғажап емес. Бұл жағдай шифрлық қаржының сенімділігі мен ыңғайлығын айқындай түскенімен, оның осал тұстары да бар екенін көрсетеді.

Сіз қалай ойлайсыз, күнделікті өмірде мобильді банкінгті қолданған жөн бе әлде қолма-қол ақша ұстаған ыңғайлы ма?

РУХАНИЯТ



— Сіздің негізгі мамандығыңыз биші екен, актриса жолына қалай келдіңіз?

— Иә, негізгі мамандығым — балет әртісі. 7-сыныптан 9-сыныпқа дейін өнер мектебінде оқыдым. 9-сыныптан кейін колледжде грантқа түстім. Осы мамандықты аяқтап, бір жыл бітірген мамандығыммен жұмыс істедім. Astana musical театрында жұмыс істеп жүріп, актерлердің жұмыс процесіне қарап, қызығып осы мамандыққа келдім. Astana musical театрының актрисасы, белгілі өнші Жаркынай Ханаймын маған «актриса мамандығын оқып ал» деп кеңес берді. Тула бойым тұнып тұрған өнер еді, актерлыққа қатты қызықтым. Бірақ денсаулығыма байланысты Т.Жүргенов атындағы өнер академиясына оқуға түсе алмай қалдым. Бір жарым ай бойы қатты ауырып жаттым. Тіпті, дәрігерлер «сен мына түріммен мүгедек болып қаласың» деп айтқан болатын. Өзімнің қайсарлығыммен, жақындарымның қолдауымен шығармашылық емтиханға дайындалып, грант игері атандым. Бұл мамандықтың арқасында өнердегі армандарым орындалды және орындалмаған армандарым да бар. 3-курс студенті болып жүрген кезімде Калибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының іріктеуінен өтіп кеттім.

— Ата-ананың көпшілігі баласының өнер жолында жүргенін қаламайды. Өнер жолын таңдаған жастар қандай қиындыққа дайын болуы керек?

— Негізі, бұл өте қиын мамандық, әсіресе қыз баласына. Мені қазір көп адам сыңға алуы мүмкін. Бірақ өнер жолын бастаған жасқа ау баста ешкім сеніммен қарамайды. Екіншіден, үйдегілер секілді еркелетіп, құшақ жайып қарсы алмайды. Үшіншіден, өзің еңбекқорлық пен батылдық танытып, тәуекел етіп алға жылжуың керек. Себебі бұл салада көре алмайтындар мен аяқтан

Ол өнер жолын балет мектебінен бастады. Бірақ сахнаға деген махаббаты оны ұлттық театрдың сахнасына жетеледі. Бүгінде Сағыныш Нұрхайдарованың сомдаған рөлдері көрерменге етене таныс. Ол М.Әуезовтің «Айман-Шолпанындағы» Айман, «Абайдағы» Ажар, «Қарагөздегі» Қарагөз, Жәнібек Әлікеннің «Махаббатым сеніндегі» Нұрикамал... Біз Қалибек Қуанышбаев атындағы Қазақ ұлттық музыкалық драма театрының актрисасымен арнайы кездесіп, сұхбаттастық.

Сағыныш НҰРХАЙДАРОВА, актриса:

ӨНЕР ЖОЛЫН  
ТАҢДАСАҢ,  
өмірңізсіздікке  
ДАЙЫН БОЛ



шалатындар көп. Жасыратыны жоқ, танымал әртіс болғың келсе, «Бәке, Сөке» деген таныстар да болуы керек. Міне, өнерге осындай жолдармен келіп жатқандар да бар. Өз басымнан осындай жағдай өтті. Толықметражды фильмнің іріктеуінен өттім. Қазір түсіріп жатқан да болар. Дегенмен шешуші сәтке келгенде осы мамандықты кәсіби тұрғыда бітірген актрисаны емес, желіде аудиториясы көп блогерді таңдады. Айтайын дегенім, өнер жолын таңдаған жас әділетсіздікке дайын болуы керек. Қыз бала болған соң бірінші, ата-ананың қолдауы, екінші, күйеуінің қолдауы маңызды. Егер тәтемнің, әжем мен күйеуімнің қолдауы болмаса, мүмкін театрда жұмыс істемей, сұхбат та бере алмас едім. Бұл мамандық қыз баланың арманы болғаннан кейін өмірінің соңына дейін осы салада нан таба алуы қажет. Бұл жеке ойым.



Кино – ол өмірлік лотерея. Біздің Бекболат Құрманғожаев ұстазымыз солай айтатын еді. Кино бірде бар, бірде жоқ. Ал театр – өмірлік негіз. Маған кино да, театр саласы да ұнайды. Жаның ауырған сәтте, өмірлік күйзеліске ұшыраған кезде театр жанымды емдейді. Мен оны бұрын түсінбейтінмін.

ТЕАТРДЫҢ ЖАЛАҚЫСЫ БІР  
ОТБАСЫНЫ АСЫРАУҒА  
ЖЕТКІЛІКСІЗ

— Қазір актриса мамандығына сұраныс жоғары. Бірақ бітіргендердің барлығы бұл салада еңбек етіп жүрген жоқ. Неге?

— Әркімнің өз қалауына байланысты деп ойлаймын. Менің бір әріптесім бар, екеуміз бір топта оқыдық. Өте жақсы актер. Бірақ ол оқу бітіргеннен кейін «өнер жолын жалғастырмаймын» деген шешімге келді. Себебі театрдың жалақысы бір отбасыны асырауға жеткіліксіз. 4 жыл оқып, дипломды қолға алғаннан кейін ниеті жоқ болып кететін де адамдар бар.

— Кино мен театрдың қайсысы жаныңызға жақын?

— Қиын сұрақ екен. Бұрынғы Сағыныш болса, киноны таңдайтын еді. Театрда 5

жылдық тәжірибем болғаннан кейін, театр жақынырақ деп айтар едім. Кино — ол өмірлік лотерея. Біздің Бекболат Құрманғожаев ұстазымыз солай айтатын еді. Кино бірде бар, бірде жоқ. Ал театр — өмірлік негіз. Маған кино да, театр саласы да ұнайды. Жаның ауырған сәтте, өмірлік күйзеліске ұшыраған кезде театр жанымды емдейді. Мен оны бұрын түсінбейтінмін. Тұңғыш баламды дүниеге алып келгеннен кейін түсіндім. Жанымға шипа керек кезде сахнаны аңсап тұрамын. Күйзелісімді қойылымдағы ауыр рөл арқылы шығарамын. «Театр адамдары қиял, шетінен ерке. Театр адамдары бала» деп ойлаймын.

— Кішкентай қызым бар деп айтып қалдыңыз. Болашақта қызыңыз сіз секілді өнер адамы боламын десе, қарсы болар ма едіңіз?

— Мен үшін бұл сұрақ өте қиын. Қазір қызым кішкентай. «Баланың қалауын орындау керек» деп ойлаймын. Өсе келе әкесі екеуміз бұл ауыр жол екенін түсіндіреміз. Егер өнерлі қатты қалап тұрса, мейлі келсін. Қиындықты көрсін, сынақтан өтсін. Баламызды барынша қолдауға тырысамыз. Негізі, өз қалауым қызым өнер жолын таңдамаса екен деймін. Қызым «шетелде білім алса» деп ойлаймын. Әкесі де тек талантты өнші емес, сонымен қатар актер. Біздің қызымыз менен де, әкесінен де талантты. Оны қазір байқап жүрмін.

— Ал 10 жылдан кейін актриса мамандығының болашағы бар деп ойлайсыз ба?

— Менің ойымша, қазіргіден қарағанда сұранысқа ие мамандық болады. Себебі актерлік мамандық бұрынғыдан қарағанда дамыған. Болашақта «қазақ театры барлық әлемге танылады» деп ойлаймын. Құдай

23 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕЙСЕНБІ

өзі сақтасын, бірақ тағы да карантин, соғыс болып қалса біздің керегіміз болмай қалады. Керек болатын мамандық сол бағығ дәрігер, мұғалім, полиция. Карантин кезінде сол жайлы көп ойландым. Сол кезде өзіме сұрақ қойдым. «Біз сонда сайқымазақпыз ба?» елдің көңіл-күйін көтеретін. Тереңірек ойласам, театр — рухани байлық сыйлайтын, эмоцияны сыртқа шығаратын, жанға тыныштық сыйлайтын жер.

БІЗ ҮШІН ЗАЛДА КӨРЕРМЕННІҢ  
БОЛМАҒАНЫ АУЫР

— Бұрынғы заманның және қазіргі заманның актрисасының айырмашылығы неде?

— Қазір заман талабы басқа. Бұрынғы әртістер, режиссерлердің ойлау, білім берулері басқа. Бұл салыстыруға келмейді. Осы кісілердің арқасында театрда жүрміз.

— Өнер адамдары театр мен кинодан бөлек, қосымша іспен айналыса ма?

— Бұл ауқымды тақырып. Біздің елімізде қосымша жұмыссыз өмір сүру мүмкін емес. Әсіресе, бір театрдың жалақысымен. Кез келген актер, актрисаны алсақ, міндетті түрде қосымша жұмысы бар. Қосымша табыс келіп тұрсын деп өзімнің жеке ансамблімді ашсам ба деген ойлар келді. Бірақ ол уақыт, энергия мен көп ақшаны талап етеді. Ал менің барлық уақытым театрда өтуде. Негізі, барлығына үлгерімін деген адам үлгереді. Айтқым келетін дүние театрда билет құны өте арзан, бағаны өсірсе өнерімізді бағалап, сұранысқа ие спектакльдер көбейсе екен.

— Жаныңызға жақын рөл қандай?

— Өткен маусымда 3 спектакльде рөлім болды. Біріншісі, «Қарагөз» спектакліндегі басты рөл, екіншісі — «Фигароның үйленуіндегі» Сюзанна, үшіншісі — «Махаббатым сен» қойылымындағы әйгілі Нұрикамал. Барлығы Қарагөзді таңдайды деп ойлауы мүмкін. Себебі танымал классика және ең көп қойылатын пьесалардың бірі. «Махаббатым сен» спектакльінде 2 сахнам ғана болса да, жүрегіме жақын рөлдердің бірі «Нұрикамал» деп айтатын едім. Себебі бұл рөл менің сол кездегі ішкі жан дүниемді, ешкімге айта алмай жүрген сырымды жеткізді.

— Ауыр рөлден қалай шығасыз? Кейбір актрисаларға рөлден шығу қиынға соға ма?

— Мен үшін ең ауыр рөл — Қарагөз. Спектакльдің театр репертуарында қойылғанына бір жылдан асты. Алматыда да «Қарагөзді» ойнадық. Алматылықтар талғамау өте жоғары халық. «Қарагөз» психикалық жағынан ауыр келетін рөлдердің бірі. Міндетті түрде пьесаны тағы бір оқып шығу керек. Маған Қарагөз рөлінен шығу қиын және оны әріптестерім де айтты. Біртіндеп қу тіршілік басталып, солай рөлден шығамын.

— Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан  
Аяна ӘБІЛДАШ

МӘДЕНИЕТ

МЕМЛЕКЕТТІК НАГРАДА – ЕЛ СЕНІМІ

Қазақстан 1991 жылы егемендікке қол жеткізгеннен кейін мемлекет басқарудың жаңа жүйесін құруға кірісті. Елдің ішкі және сыртқы саясаты, ұлттық қауіпсіздігімен қатар, мемлекеттік символдар мен наградалар жүйесі де жаңадан қалыптасуға тиіс болды. 1993 жылы Конституция қабылданған соң заңнамалық негіздерді жетілдіру жұмысы басталды. Осы кезеңде азаматтардың еңбегін ел алдында бағалайтын, ұлттық мақтаныш пен патриотизмді оятатын марапат жүйесі қажет еді. Осылайша, 1995 жылы 12 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» заңы қабылданды. Биыл заңның қабылданғанына 30 жыл толып отыр.

Бұл заң — еліміздің егемендікке қол жеткізгеннен кейінгі алғашқы маңызды құқықтық актілерінің бірі. Ол мемлекеттілікті нығайту, азаматтардың қоғам алдындағы еңбегін бағалау және ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында қабылданды. Қазір ресми марапаттар жүйесі Мемлекеттік және Вedomстволық марапаттардан құралады. Мемлекеттік наградалар — адамның адал еңбегін, ерлігін бағалау мақсатында берілетін еңбекқорлықтың, әділдіктің, табандылықтың мән-маңызын ұғындыратын мотивация көзі болып табылады. Сол себепті награда бір адам үшін ғана емес, тұтас қоғам үшін маңызды.

Қазақстан Республикасының ең биік марапаттары — «Алтын Қыран» ордені және «Халық қаһарманы», «Қазақстанның Еңбек Ері» атақтары. Аталған марапаттар саналы нұмырын елдің өркендеуіне арнаған жандарға беріледі. «Отан», «Барыс», «Даңқ», «Достық», «Құрмет» және басқа да ордендер бар. Ордендер тұлғаларға мемлекеттік және қоғамдық қызметтегі, ғылым мен мәдениет саласындағы жетістіктеріне, егемендікті нығайту ісіндегі белсенділігіне, әскерлерге басшылық жасау және оларды басқару ісіндегі табыстарына байланысты табыс-талады. Мәселен, «Достық» ордені бейбітшілікті нығайтуға, ұлттар мен халықтар арасындағы достық пен өзара ынтымақтастықты тереңдетуге айрықша үлес қосқан азаматтарға беріледі. Ол қоғамдағы келісім мен татулықты, ұлттық бірлік пен өзара түсіністікті сақтап, дамыту жолындағы

ерен еңбекті ерекше бағалаудың айғағы. Өйткені нағыз еңбек пен ерліктің шекарасы болмайды. Халық атынан берілетін бұл марапат — ел сенімінің, Отан ризашылығының жарқын белгісі. Еліміздің мемлекеттік марапаттарының атаулары ұлттың рухы мен қадір-қасиетін айшықтайды.

2010 жылдың 8 маусымында «Даңқ кітабы» жарық көрді. Оған мемлекеттік награда алған, елдің дамуына елеулі үлес қосқан азаматтардың есімдері енгізілді. 2016 жылдың 6 желтоқсанында Ұлттық музейде тұғырға қойылып, электронды



«Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» заңының қабылданғанына 30 жыл толуы – бұл жай ғана бір құқықтық құжаттың мерейтойы емес, бұл – тәуелсіз еліміздің жүріп өткен сара жолын ұғыну, ел игілігі үшін аянбай тер төккен азаматтардың еңбегіне деген құрметтің белгісі.

нұсқасы таныстырылды. «Даңқ кітабына» есімдердің енгізілуі жылына бір рет салтанатты түрде жүзеге асырылады. Бұл — тарихты сақтауға, ұлтжанды тұлғаларды дәріптеуге бағытталған маңызды құрал.

Мемлекеттік наградалар заңына қатысты ережелер мен тәртіптер уақыт өте келе жаңарып, өзгерістерге ұшырап отырады.



Бұл — қоғам дамуының, мемлекеттік саясаттың жана талаптарына бейімделудің бір көрінісі. Мысалы, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2023 жылдың 17 маусымында өткен Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында мемлекеттік наградалар

шы және басқа да мамандық иелері бар екенін мәлімдеді. Оған қоса, қоғамға үлгі болатын осындай жасампаз әрі отаншыл жандарды мемлекет әрдайым қолдауға тиіс екенін жеткізді. Президент мемлекеттік сыйлықтарға әл-Фараби, Абай, Ахмет Байтұрсынұлы сынды халқымыздың біртуар перзенттерінің есімі берілгенін де назардан тыс қалдырмады. Оның тұжырымдауынша, мұндай ұстаным ұлы тұлғаларымыздың есімін ел жадында сақтау үшін қажет.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы ұлттық идеологияның осындай маңызды шешімдер арқылы қалыптасатынын, мұндай қадамдардың отаншылдық рухты асқақтату үшін қажет екенін алға тартты. Ал 2024 жылдың 15 наурызында өткен Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев мемлекеттік наградалар жүйесін жетілдіру шаралары қолға алынғанын, елімізде әскери және күштік құрылым қызметкерлеріне арналған «Айбын» ордені бар екенін, осы мәртебелі орденнің түрлі дәрежесін Сағадат Нұрмағамбетовтің, Бауыржан Момышұлының және Рақымжан Қошқарбаевтың есімімен атаған жөн деп санайтынын жеткізген

болатын. Сонымен қатар Мемлекет басшысы бұл тарихи әділдікті қалпына келтіру жолындағы маңызды қадам екенін, сол арқылы қаһармандарымыздың ерлігін ұрпақ жазында жаңғыртатынымызды және халқымыздың біртуар перзенттеріне тән ерлік рухы осы ордендердің мәртебесін биіктететінін айтты.

Қасым-Жомарт Кемелұлы 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жариялады. Соған сәйкес, «Қазақстанның еңбек сіңірген ғылым және техника қайраткері», «Қазақстанның еңбек сіңірген инженері», «Қазақстанның еңбек сіңірген құрылысшысы», «Қазақстанның еңбек сіңірген өнеркәсіп қайраткері», «Қазақстанның еңбек сіңірген геологі», «Қазақстанның көлік саласының еңбек сіңірген қайраткері», «Қазақстанның аграрлық саласының еңбек сіңірген қайраткері», «Қазақстанның су шаруашылығы саласының еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атақтары енгізілді. Бұл атақтар мамандарды ынталандырып, жұмысшы мамандықтарының беделін арттыруға ықпал етеді.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» заңының қабылданғанына 30 жыл толуы — бұл жай ғана бір құқықтық құжаттың мерейтойы емес, бұл — тәуелсіз еліміздің жүріп өткен сара жолын ұғыну, ел игілігі үшін аянбай тер төккен азаматтардың еңбегіне деген құрметтің белгісі. Бұл — елге адал қызмет етудің асыл мұрат екенін ұлықтайтын, ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейтін рухани бағалау тетігі. Алдағы уақытта аталған заң ел патриоттарын танудың, олардың өрелі еңбегін әділ әрі лайықты бағалаудың маңызды да сенімді құралы бола беретіні сөзсіз.

Айзара ДӘУРЕНҚЫЗЫ,  
«Геральдикалық зерттеулер орталығы»  
РММ ведомстволық және  
өзге де наградаларды сараптау  
бөлімінің бас маманы

## ҚОҒАМ

23 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕЙСЕНБІ



Ата Заңымыздың негізгі принципіне сай, елдің негізгі капиталы – адам. Оның ішінде азаматтардың негізгі үлесі болғандықтан, қоғамның қозғалыс күші де, елдің стратегиялық ресурсы да жастар саналып отыр. Себебі болашақ осы топтың еншісінде. Бүгінде мемлекет аталған ең құнды капиталды дамыту мен қолдауға бағытталған түрлі жобалар мен бағдарламаларды жүзеге асыруда: колледждер мен университеттерге гранттар бөліп, шәкіртақы тағайындап, «Жастар тәжірибесі», «Дипломмен ауылға» бағдарламасын, жаңа мектептер мен спорттық секциялар, цифрлық дағдыларды дамытуға арналған курстар ұйымдастыруда. Осындай мүмкіндіктер әрбір жасқа өз әлеуетін толық көрсетуге жол ашып, еліміздің әр өңірінде бәсекеге қабілетті мамандардың қалыптасуына септігін тигізбек.

# ЖАСТАРЫ ҚАРЫМДЫ ЕЛДІҢ КЕЛЕШЕГІ

орта білімнен кейінгі деңгейге арналған. Айта кетерлігі, осы бағдарламалардың жартысынан астамы мемлекеттік тілде әзірленген.

Ең қызығы, шамамен 2,5 мың бағдарлама дуалды оқытуға бағытталған, яғни студенттер теориямен бірге өндірістік тәжірибе де жинайды. Ал ерекше білім беру қажеттілігі бар жастар үшін арнайы 70 бағдарлама дайындалған. Жамбыл инновациялық жоғары колледжі шетелдік АССА (Англия) ұйымымен бірлесіп, халықаралық деңгейдегі бағдарлама ұсынып отыр.

Бағдарламалардың 139-ы басқару және инженерлік мамандықтар клас-

бір жағынан, жастар арасында әлеуметтік наразылықтың алдын алу шарасы ретінде қарастырылатын жағдай деп ойлаймын.

### ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОЛДАУ – СЕНІМДІ ТІРЕК

Қазір бір студенттің білім алуына бөлінетін орташа қаржы – 912 мың теңге. Қаржыландырудың мұндай жаңа жүйесі бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға, білім беру ұйымдарын заманауи материалдық-техникалық жабдықтармен жарақтандыруға, педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Қазір елімізде 772 колледж кадрлар дайындайды. Контингент небәрі 556 мың студенттен тұрады, оның 85 пайызы грант бойынша оқиды, ал мемлекеттік білім беру тапсырысының 65 пайызы техникалық мамандықтарға бағытталған. Колледждерде 227 мамандық және 753 біліктілік бойынша білім беру бағдарламалары жүзеге асырылады.

Бұдан бөлек, Қазақстан Қытай, Франция, Түркия, Жапония, Ұлыбритания, Грузия және өзге де елдермен бірлесіп, 10 халықаралық жобаны қолға алса, бұған дейін отандық Жоғарғы оқу орындары әлемнің озық университеттерімен серіктестік үшін келісімшарт орнатып, талай қазақстандық жастарға білімін шыңдауға мүмкіндік берген. Алматы Менеджмент Университетінің түлегі Аружан Қайрат биыл Erasmus Mundus бағдарламасы бойынша Испанияның Таррагона қаласында білімін жалғастырып жатыр.

– Бакалавриатта оқып жүрген кезімде Erasmus+ бағдарламасына қатысып, Түркиядағы Kadir Has University-ге қабылдандым. Ол жерде Business Administration мамандығы бойынша білім алдым. Ал биыл магистратура бойынша Erasmus Mundus бағдарламасының International Wine Tourism Innovations and Transitions-ға түстім. Бұл бағдарлама Испания, Франция және Португалия елдерінде өтеді. Әр семестрді әр елде оқып, туризм саласын жан-жақты меңгереміз. Бағдарлама барлық шығынды – оқу акысын, тұруды, жолақыны, медициналық сақтандыруды толықтай қамтиды, ай сайын 1 400 еуро стипендия беріледі. Еліміз осындай мүмкіндік беріп тұрғанда неге шетелге шығып оқымасқа, – дейді Аружан.

Елімізде жоғары және орта білім саласында жастарға ерекше көңіл бөлінеді. Мемлекеттік гранттардың саны жыл сайын көбейіп, студенттердің стипендиясы да кезең-кезеңімен өсіп жатыр. Бұл – жастардың білімге құштарлығын арттырып, олардың әлеуметтік жағдайын жақсартуға жасалған нақты қадам. «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынған жаңа білім ошақтары да осының айғағы. Жоспарланған 217 мектептің бүгінде 150-і есігін айқара ашып, мыңдаған оқушыға сапалы білім беруде. Президент биылғы Жолдауында цифрлық технологиялар ғаламдық еңбек нарығын жылдам өзгертіп жатқанын атап өтті. Ол жасанды интеллектімен жұмыс істей алатын, жаңа технологияларды меңгерген мамандарға сұраныс арта түсетінін айтты. Осы мақсатта елімізде Qazaq Digital Mektebi атты

жаңа үлгідегі білім ордасы қалыптаспақ.

Жоғары оқу орындарында білім алып жатқан студенттердің жағдайы жыл сайын жақсарып келеді: жатақханалар саны көбейіп, стипендия мөлшері де тұрақты өсуде. Биыл 1 қыркүйектен бастап бакалавриат студенттерінің стипендиясы – 52 372 теңге, магистранттардікі – 117 098 теңге, ал докторанттардікі 262 500 теңге болды. Бұл 2020 жылмен салыстырғанда бакалавриат деңгейінде екі есеге, магистратура мен докторантура деңгейінде 1,75 есеге көп.

Кейінгі 5 жылда мемлекеттік гранттардың саны 1,4 есеге өсіп, 2024-2025 оқу жылына 93 116 грант бөлінді: оның 77 084-і – бакалавриатқа, 13 113-і – магистратураға, 2 919-ы – докторантураға бағытталды. Жатақхана тапшылығы да азайып келеді: 2019 жылы 82 500 орын жетіспесе, 2024 жылы бұл көрсеткіш 14 873 орынға дейін төмендеді. Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға жатақханадан орын беру қызметі енді проактивті форматта көрсетіледі. Биылғы ҰБТ-ға 210 мыңнан астам талапкер қатысып, олардың 160,5 мыңы немесе 76,35%-ы

пен қамту орталығы) өтініш беру жеткілікті. Жұмыс берушілер тәжірибеден өтуші әр жасқа тәлімгер бекітеді. Бұл олардың кәсіби дағдыларын дамытып, еңбек нарығында өз орнын табуға жол ашады. Бағдарламаға қатысқан жастар еңбегі үшін ай сайын жалақы алады. Оның орташа мөлшері – республика бойынша 109,5 мың теңге. Төлемдер «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы қатысушылардың банк шотына тікелей аударылады. Жалақы жұмыс берушілер ұсынған деректер негізінде төленеді. Бағдарлама аясында ең көп сұранысқа ие мамандықтардың тізімі де анықталды. Көш басында мейіргерлер (654 адам), одан кейін заңгерлер (367), бастауыш сынып мұғалімдері (309), тәрбиешілер (292) және шет тілі мұғалімдері (282) тұр.

Астана қалалық Мансап орталығының директоры Бағила Орынбетованың айтуынша, қазір Мансап орталықтарында осы бағдарлама бойынша 806 жас жұмыс істеп жүр. Оның ішінде, 41 қатысушы тәжірибе мерзімін аяқтап, өз өтпелі орны бойынша тұрақты қызметке орналасқан.

– Сонымен қатар «Жастар тәжірибесі» аясында «Еңбек» порталында 1039 жұмыс берушіден 5 599 бос жұмыс орнына сұраныс тіркелген. Бұл көрсеткіш – жастарға мемлекет тарапынан жасалып отырған нақты қолдаудың айқын дәлелі. Қазір «Жастар тәжірибесі» бағдарламасы жастарды қолдаудың ең маңызды мемлекеттік жобаларының бірі болып саналады. Өйткені жоғары оқу орнын енді аяқтап, дипломын алған жас азаматтардың көбіне өз мамандығы бойынша жұмысқа орналасуы қиынға соғатыны белгілі. Бағдарламаның мәні – жұмыс тәжірибесі жок, оқуын бітіргеніне 5 жылдан аспаған, 35 жасқа дейінгі жас азаматтарға кәсіби тәжірибе жинауға мүмкіндік беру. Қатысу мерзімі 12 айдан аспайды, ал қатысушыларға ай сайын 30 АЕК көлемінде, яғни 117 960 теңге жалақы төленеді, – дейді ол. Бағила Сайлаубекқызының сөзінше, бағдарламаның басты миссиясы – жас мамандарды еңбек нарығына дайындау, оларға өз кәсіби жолын бастауға мүмкіндік беру және болашақта елдің экономикалық дамуына үлес қосуға жол ашу.


### ҚОСЫМША DAҒДЫ – БОЛАШАҚҚА БАСТАР ШАМШЫРАҚ

Әр жас тек өз өмірін ғана емес, бүкіл елдің дамуын қалыптастыратын күш іспетті. Қабілеті мол жас – білімді, талантты, өз ісінде шебер және жаңа дағдыларды игеруге ынталы тұлға десек, мұндай жастар экономикалық белсенді тұлғалардың қатарын арттырып, әлеуметтік прогрестің негізі болары анық.

Еліміз жастар үшін қосымша дағдыларды игерудің маңызды ескеріп, бүгінде цифрлық сауаттылық курстары, бағдарламалау және IT тренингтері, робототехника мен инновациялық технологияларға арналған үйірмелер ұсынуда. Себебі аталмыш шаралар жас мамандардың кәсіби әлеуетін арттырса, спорттық және шығармашылық секциялар, форумдар мен стартап-хакадондар жастарға өз қабілетін сынап, тәжірибе жинауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар Қазақстанда шетелдік университеттердің филиалдары да ашылып, жастарға халықаралық деңгейде білім алу мүмкіндігі беріледі. Мысалы, Cardiff, Coventry, Woosong университеттері мен МГИМО филиалдары білім беру сапасын арттырып, студенттердің кәсіби дағдыларын кеңейтеді. Одан бөлек, ғылыми кәсіпкерлердің жаңа буынын және цифрлық экономиканың болашақ көшбасшыларын қалыптастыруға бағытталған AI-Sapa серпінді бағдарламасы жүзеге асырылуда. Оның мақсаты – студенттерге жасанды интеллект технологияларын жаппай оқытуды қамтамасыз ету. Бағдарлама Coursera, Huawei және Google платформаларында негізгі оқытудан бастап студенттік стартаптарды жеделдетуге дейінгі төрт кезеңді қамтиды. ЖИ негіздері бойынша 390 мыңнан астам студент пен 3 мың оқытушы қорстан өтті.

Осылайша, мемлекет тарапынан жасалған қолдау мен жобалар әр жасқа өз қабілетін толық көрсетуге, қосымша дағдыларды игеруге және өз саласында шеберлікке қол жеткізуге мүмкіндік береді. Қабілеті мол жас – тек өз дамуын ғана емес, елдің өркендеуін жылдамдататын күш, ал мемлекет оны қолдап, болашаққа бастар шамшыраққа айналдырса игі.

### 2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНА 93 116 ГРАНТ БӨЛІНДІ



### Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ, Кәмила ДҮЙСЕН

Мысалы, Президент тапсырмаларын орындау шеңберінде кәсіптік және жоғары білімнің қолжетімділігін арттыру бойынша кешенді саясат жүзеге асырылып жатыр. Жастарға кәсіптік білім беру, оларды жұмысшы мамандықтарына даярлау, мамандарды қайта оқыту және біліктілігін арттыру – еліміздің білім беру саясатының басым бағыты. Ел экономикасының қуаты өндіріс орындарын білікті кадрлармен қамтамасыз ете алатын кәсіптік білім беру жүйесінің тиімділігіне байланысты.

Жұмысшы мамандықтар жылы кәсіптік білім беруді жаңғыртудың жаңа кезеңі болды. Техникалық және кәсіптік білім беру жүйесі қазір бұрынғыдан да жедел өзгеріп, заман талабына бейімделіп келеді. Мәселен, Талар КЕАҚ әзірлеген техникалық және кәсіптік, сондай-ақ орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларының жаңа реестрі жастарға өзіне лайық мамандық таңдауға мүмкіндік береді. Және өндіріс орындарын қажет мамандармен қамтамасыз етуді де жеңілдетеді.

### БІЛІМ – БАСТЫ ИНВЕСТИЦИЯ

Қазір реестрде еліміздің 667 колледжі ұсынған 8 554 оқу бағдарламасы бар. Олар 181 мамандықты қамтиды. Бағдарламалардың 96%-ы техникалық және кәсіптік білімге, ал қалған 4%-ы

сификаторы негізінде жасалған. Колледждердің ең белсенді дайындайтын бағыттары – инженерия, IT (ақпараттық-коммуникациялық технологиялар), қызмет көрсету, бизнес және басқару салалары. Бұл бағдарламаларды құрастыруға 500-ден астам кәсіби стандарт пайдаланылып, 540 сарапшы қатысқан: олардың 311-і – педагогтер, 229-ы – жұмыс берушілер. Осының бәрі білім мен өндірістің үйлесімін арттырып, жастарды шынайы еңбек нарығына дайындап келеді. Биыл білікті жұмысшы мамандарды дайындауға бағытталған 8 мыңнан астам білім беру бағдарламасы іске қосылып, жастарға жаңа мүмкіндік ашылды. Маман даярлау үдерісі орта білім негізінде жұмыс істейтін кәсіптік колледждерде жүргізіледі. Дуалды білім беру бағдарламасы елімізде бұдан бұрын да жұмыс істеп келген еді. Республикалық ғылыми-практикалық білім мазмұнын сараптау орталығының сарапшысы Данагүл Смакованың айтуынша, бұл жүйе жастардың алғашқы тәжірибесі үшін маңызды.

– Біз дуалды оқытуды белгілі бір уақыт аралығында қолдан шығарып алдық та, енді соны қайтадан қайтарып жатырмыз. Қазір жастарға кәсіптік білім беретін зауыт-фабрикалар жоқ немесе оларды қамқорлыққа алуға ешкім ниетті емес. Негізі, бұл белгілі бір өңірге қажетті маман даярлауға көмектеседі. Мысалы, Павлодардағы зауыттар қажетті мамандарды жергілікті кәсіптік-техникалық білім беру ұйымдарында дайындауға тапсы-

# ТАМЫРЫ ТЕРЕҢНІҢ БҰТАҒЫ БИІК

Дүниені тануға құштар бүлдіршін, ғылымсүйер жас, ізденімпаз ұстаз, білім мен тәрбиеге мән беретін ата-ана, ғалымдар мен өнертапқыштар, тіпті музыкант пен жазушыға дейін – бәрі-бәрі «бір арнаға тоғысуы қиын» деп пайымдарсыз. Алайда оларды байланыстыратын ғылым атты күш бар. Білім мен креативті сүйетіндер Астанада өткен PRO.NRG Fest 2025 ғылыми-көпшілік фестивалінде төртінші рет бас қосты.

## Айсұлу СЪЕЗХАН

Фестиваль бұрынғыдан да кең көлемде өтті, оған мұғалімдер, зерттеушілер, жас отбасылар, жалпы саны 6 000 адам қатысты. Іс-шараны Caravan of Knowledge корпоративтік қоры мен «Шеврон» компаниясы ұйымдастырған. Фестивальдің биылғы тақырыбы – Rooted in the Future. Қазақша аударғанда, «Тамыры тереңнің бұтағы биік» деген тәмсілді білдіреді. Тақырыптың өзегі – «Білім ағашы». Ағаш тамыры дәстүрді, дінгегі заманауи білімді, бұтағы болашақтағы жаңа технологиялар, әдіс-тәсілдерді бейнелейді. – Форум немесе конференция емес, білім беру саласындағы барлық мүдделі тарапты – ата-ананы, балаларды, мұғалімдерді, министрлік, мемлекеттік органдарды да біріктіретін іс-шара ұйымдастырғымыз келді. Қазір фестиваль оқушы-



лардың, ата-ананың неге қызығатынын білетін, ғалым-ұстаздардың жаңа амал-әдістерін ортаға салатын жаңа алаңға айналды, — дейді Caravan of Knowledge Корпоративтік қорының негізін қалаушы Зарина Биомбаева.

### КӨПKE ТҮСІНІКТІ ҒЫЛЫМ ТІЛІ

Фестиваль бағдарламасы «Білім берудегі AI», Art&Science, USTAZ, «Ғылыми-көпшілік бағыт» сынды негізгі төрт салаға негізделген, соған сай 30-дан аса баяндама, шеберлік дәрісі, ЖИ-практикумдар, ғылыми квестер және интерактив digital аймақтар ұйымдастырылған. Әркім өз қызығушылығына сай ғылыми жаңалықтарды біліп, таным көкжиегін кеңейтті.

Биылғы жиында отандық жас мамандар оқушылар мен қарапайым аудиторияға лайықтап, қызықты шеберлік сабақ өткізді. Сабақ

сонында белсене қатысқандар, сұраққа дұрыс жауап берген оқушыларға арнайы сыйлықтар да болды. Іс-шараның басты бағыты — «Ғылыми-көпшілік бағыт» секциясы. Археология, экология және тарих ғылымының мамандары баяндаманың көпке ыңғайлы, тартымды, түсінікті түрде өтуіне күш салғанын аңғардық. Мысалы, Ұлттық гидро-биология және экология институтының ғылыми қызметкері Әсел Баймұканова Каспийдегі жалғыз теңіз сүтқоректісі — итбалықтардың тіршілігі, жойылу қаупі, олардың адамға не жеткізгісі келетінін бүлдіршіндерге түсіндіріп берді. Astana IT University Компьютерлік инженерия департаментінің сеньор-лекторы Зарина Кутпан «Ұшқышсыз ұшу аппараттары — Қазақстандағы білім берудің жаңа секторы» баяндамасын оқыды.

Caravan of Knowledge қорының басқарушы директоры Дарын Серікұлы бізге фестиваль барысындағы ғылыми жаңалықтар жөнінде әңгімелеп берді.

— Жылдан-жылға шетелдік спикерлер саны азайып, отандық мамандарымыз артып келеді. Мемлекет басшысының бастамасын қолдап, биылғы фестивальға ЖИ бағытын арнайы қостық. Тағы бір жаңалық, мұғалімдерге қатысты шағын стендап бағдарлама қостық. Мұғалім өмірі жайлы ойнақы, шынайы әңгіме болды. Сонымен қатар манызды бір жобаны қолға алдық. Ұстаздар мен оқушыларға арналған байқаулар өткізіп жатырмыз. Соның бірі — Science On Stage ұстаздар сайысы. Байқау екі жылда бір өтеді. Ұстаздар арасынан қызықты 30 жоба иесін Астанаға шақырдық. Соның жетеуі атымызды Еуропада танытпақ, — дейді Дарын мырза.

### ӨНЕР МЕН ҒЫЛЫМ ТОҒЫСТЫ

Фестивальдің өзгеше бағытының бірі — өнер мен ғылымның тоғысуы. Атыраудан келген жастар

Нұрсұлтан Зиядаев пен Диана Умбеткалиева қатысушыларға «Ұлттық музыканың миға өсері» зерттеу жұмысының нәтижесін таныстырды. Бұдан бұрын ата-аналар мен балаларға өздері өңдеген «Япурай» әнін тыңдатады. Қатысушыларға әннің ұнағаны сонша халық әндеріне деген әуестігі оянғандай күйде қалды.

Нұрсұлтан Зиядаевтың сөзінше, Атырауда шығармашыл жастар жиналатын орта болмағандықтан, алдымен жастарды жинап, шығармашылық орталық құруды мақсат етеді. Кейін орталық жастары Шәмші әндерін, халық әндерін жаңғыртуды ойластырады. Осылайша, әр қазақтың жүрегіне естелік болып ұялаған әндерді тірілту үшін Estelіk жобасы дүниеге келеді. Жастар жоба аясында әр маусым сайын 5 өңге жана тыныс сыйлайды. Жаңа аран-



жировка, танымал жас өртістердің орындауы, қоныр дауысты жастар хоры «Әй-әй, бөлем», «Япурай», «Бипыл-ай», «Назқоныр», «Арман-ай» сынды халық әндеріне ғажап бояу сыйлаған. Кейін өнерлі жастар бұл шығармашылық жұмыстың тыңдарман миына қалай әсер ететінін зерттеп көрмекке ұмтылады.

— Emotiv Ерос Х дейтін адам миының белсенділігін өлшейтін, 14 электродтан тұратын нейрокүрылғы бар. Химияда электролиз деген процесс бар, яғни құрылғыға тұзды ері-



тінді жағу арқылы жұмыс істейміз. Бір адамды тексеру үшін кемінде 2 сағат уақыт кетеді. Идеяның дұрыстығына көз жеткізу үшін 19-35 жас аралығындағы 10 адамдық фокус-группамен бастадық. Зерттеуге қатысқан жастарға төрт түрлі жанрдағы — классикалық музыка, казак және ағылшын тіліндегі поп-музыка, халық әндерінің түпнұсқасы

концентрация, зейін, назар аудару, эмоционал және ғылыми интеллектін тоғысқан жері. Түпнұсқасындағы қоздырушы фактор не бәрі 10% болған. Алайда халық әндерін тыңдаған жастарда релаксация мөлшері (70%) жоғары болған, аранжировкасын тыңдағандарда 40% көрсеткен.

— Зерттеу нәтижесін бұған дейінгі теориялық біліммен де негіздей аламыз, себебі адамдар түпнұсқаны тыңдағанда, өткен шағы ойға оралып, ерекше естелік сезімі туады. Ал жаңа нұсқаны тыңдарманның сұранысына қарай лайықтап өзгерттік. Алда респонденттеріміздің санын жүзге, мыңға көбейтіп, шетел азаматтарына да сынап көрсек, әлі де тереңдей ізденсек деген мақсатымыз бар. Әр музыкалық аспаптың үні әр адамға қалай әсер ететінін де зерттегіміз келеді. Қазір казак халық музыкасы тек мәдениет емес, милдін және психоэмоционал денсаулықтың құралы бола алады деген қорытындыға келдік, — дейді Д.Умбеткалиева.

PRO.NRG Fest іс-шарасында алғаш рет ARTIШОК театры «Энергияның сақталу заңы» перформансын қойды. Алматы ашық әдеби мектебінің ұстаздары — Ксения Рогожникова «Жазу ісіндегі жасанды интеллект», Мерей Қосын «Интермәтін мен жастар әдебиеті» жөнінде шеберлік сабағын өткізді.

Фестиваль жыл сайын жалғаса бермек. Ал ғылыми жаңалыққа ұмтылғанның бәрі осы ортадан табылатынын ұмытпағайсыз.

## СЕРПІН

# АГРОӨНЕРКӘСІП – ТҰРАҚТЫ ДАМУДЫҢ ТІРЕГІ

Шымкент қаласы әкімдігінің ресми өкілі, қала әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек аптаның әр сәрсенбесінде Бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерімен кездесіп, үшінші мегаполистегі атқарылған жұмыстар мен жетістіктер, жаңалықтар, алдағы жоба-жоспарлар жөнінде хабарлама жасап, тілшілер тарапынан түскен сауалдарға жауап береді.

## Назгүл НАЗАРБЕК, Шымкент қаласы

### САЛАДА ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБА КӨП

Кезекті брифингте Сәрсен Абайұлы Шымкент қаласындағы агроөнеркәсіп кешені бойынша айтарлықтай өсім көрсетіп отырғанын жеткізді. 2025 жылғы қаңтар-шілде аралығында ауыл шаруашылығы өнімдерінің көлемі 29,2 млрд теңгені құрап, былтырғы сәйкес кезеңімен салыстырғанда 6,9 пайызға артқан. Бұл көрсеткіштің негізгі үлесі мал шаруашылығына тиесілі — 23,1 млрд теңге.

Салада өнімділікті арттыру мақсатында шаруаларға айтарлықтай мемлекеттік қолдау көрсетіліп жатқанын атап өтті. Жыл басынан бері асылтұқымды мал шаруашылығын дамытуға арналған субсидиялар бойынша 16 тауар өндірушіге 479 млн теңгеден астам қаржы бөлінген. Нәтижесінде, сүт өндірісі 4,8 пайызға өсіп, 13,2 мың тоннадан асса, құс жұмыртқасы 18,3 пайызға көбейіп, 4,5 млн данаға жетті. Қаладағы мал басы да тұрақты артып келеді, жылқы саны 3,7 пайызға өсіп, 20,8 мыңға жетсе, құс саны 14 пайызға артып, 1,2 млн басқа тіркелді.

«Егін шаруашылығында да оң нәтижелер бар. Биыл 23 мың гектар алқапқа дақылдар егілді. Қолдайсыз ауа райына қарамастан, шаруалар 66 мың тоннаға жуық өнім жинап алды. Сондай-ақ қаладағы 100 гектар жылжымай кешендерінен жылына 15 мың тоннаға жуық көкөніс өндіріледі. Биыл жергілікті бюджеттен өсімдік шаруашылығына 863 млн теңге, мал шаруашылығына 1,1 млрд теңге қаржы бөлінді», — деп атап өтті қала әкімінің орынбасары.

Брифингте инвестициялық жобалар барысында да айтарлық-

тай көрсеткіш бар екені айтылды. Қалада қуаттылығы жылына 8,5 мың тонна болатын екі тауарлы сүт фермасы мен көкөніс сақтау қоймалары салынып жатыр. Сонымен қатар жылына 50 мың тоннаға дейін шұжық өндіретін ет өңдеу зауыттары іске қосылмақ. Түркия мен Польша компаниялары жалпы аумағы 800 гектарды қамтитын заманауи жылыжай жобаларын қолға алған.

Ветеринария саласында да жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Жануарларды аса қауіпті ауруларға қарсы вакцинациялау жалғасуда. Қызмет процестері электронды жүйелер арқылы цифрландырылып, малды бірдейлендіру мен ветеринариялық анықтамаларды беру автоматтандырылған. Ветеринар мамандар жаңа автокөліктермен, қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіліп, жалақылары кезең-кезеңімен өсірілуде. Сонымен қатар 2026–2027 жылдары 6 ветеринариялық бекет салу жоспарланған. Жалпы алғанда, Шымкенттің агроөнеркәсіп кешені өндіріс көлемін ұлғайтып қана қоймай, жаңа жобаларды іске асырып, халықты сапалы өніммен қамтамасыз ету бағытында тұрақты дамып келеді.

### ӘЛЕУМЕТТІК ОСАЛ ТОПТАҒЫ АЗАМАТТАРҒА 333 ГРАНТ БЕРІЛГЕН

Шымкент қаласы әкімінің орынбасары Сәрсен Құранбек БАҚ өкілдерімен кездесу барысында қаладағы әлеуметтік саладағы жұмыстарды да тізбектеп өтті. Бүгінде әлеуметтік санаттағы тұрғындарды қолдау мақсатында 333 азаматқа 400 айлық есептік көрсеткішке дейінгі қайтарымсыз мемлекеттік грант берілген. Биылғы екі лек бойынша өткізілген конкурсқа барлығы 1 756 өтініш түсіп,



оның ішінде 336 үміткердің жобасы мақұлданып, 333-іне қаржы аударылған. Екі адамның есепшоттары бұғатталуына байланысты гранттан бас тартылған.

«Бірінші лекте 134 адам (65 жеке кәсіпкер, 69 жұмыссыз), екінші лекте 199 адам (101 жеке кәсіпкер, 98 жұмыссыз) қолдау тапты. Комиссия отырыстары 25 тамыз бен 4 қыркүйек аралығында өтті. Грант иегерлерінің қатарында көпбалалы отбасылар — 192, мүгедектігі бар азаматтар — 51, мүгедектігі бар баланы тәрбиелеп отырғандар — 59, асыраушысынан айырылғандар — 22, атаулы әлеуметтік көмек алушылар — 9 адам бар. Жобалар негізінен қызмет көрсету (151), өндіріс (53), қондітерлік және нан өнімдері (37), тігін (35), жартылай дайын өнімдер (24), мал және құс шаруашылығы (12), жиһаз өндірісі (4), сондай-ақ фаст-фуд, ыстық тағам, кофе сияқты басқа бағыттағы (17) бойынша іске асырылуда», — деп атап өтті Сәрсен Абайұлы.

Мемлекеттік гранттар азаматтардың жеке кәсіп ашуына, табысын арттыруына және жаңа жұмыс орындарын құруына жол ашпақ. Қаржы қайтарымсыз болғанымен, оның мақсатты жұмсалудың Еңбек мобильділігі орталығы жанынан құрылған мониторинг тобы қада-

ғалайды. Мақсатсыз пайдаланылған жағдайда қаражат мемлекетке қайтарылуға тиіс.

### ЖАҢА ЖҰМЫСҚА МҮМКІНДІКТЕР АРТТЫ

2025 жылдың қаңтар-шілде айларының қорытындысы бойынша, Шымкент қаласында өнеркәсіп кәсіпорындары 812,6 млрд теңгенің өнімін өндірген. Бұл былтырғымен салыстырғанда 15,8 пайызға артық. Оның ішінде, өңдеу өнеркәсібінің үлесі жалпы көлемнің 89 пайызын құрап, 724,2 млрд теңгеге жетті. Қала өсім қарқыны бойынша республикада алғашқы үштікке енді. Әсіресе, химия өнеркәсібі — 2,5 есе, машина жасау — 2 есе, сусын өндірісі — 81,2%-ға артты.

Қалада бүгінде жалпы аумағы 1 276 гектарды қамтитын жеті индустриялық аймақ бар. Мұнда 446 жоба жүзеге асырылып, құны 685,9 млрд теңгеге жеткен. Соның нәтижесінде, 11 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылды. «Он-түстік», «Тассай», «Жұлдыз», «Бо-зарық» және арнайы экономикалық аймақтарда ірі зауыттар іске қосылып, жаңа инвестициялар тартылып жатыр. Мәселен, QazAl-

Pack зауыты алюминий қаптама-ларын шығарып, 30 млрд теңгелік жоба аясында 112 адамды жұмыспен қамтыды. Ал ZeineP компаниясы медициналық бұйымдар өндірісін жолға қойып, 80 жаңа жұмыс орнын ашты. Жалпы, 2025 жылдың жеті айында қала экономикасына 425,4 млрд теңге инвестиция тартылды. Оның 314,9 млрд теңгесі — жеке қаржы.

«Енді алдағы бес жылға жоспар да ауқымды. 2025–2030 жылдары 4,9 трлн теңгенің 211 жобасы іске асып, 26 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады. Тек биылдың өзінде 65,7 млрд теңгенің 22 жобасы жүзеге асып, 1 200-ден астам жұмыс орны пайда болады. Жаңа зауыттар газобетон, құрылыс материалдары, қағаз және тұрмыстық бұйымдар шығарумен айналысатын», — деді қала әкімдігінің ресми өкілі журналистерге берген сұхбатында.

Шымкенттің индустриялық аймақтары алдағы уақытта да кеңейіп, металлургия, мұнай-химия, тамақ және құры-

бағытталған ірі инвестициялық жобалар жүзеге асып, соңғы бір жылда 7 жаңа қонақүй ашылып, тағы төртеуі жыл соңына дейін пайдалануға берілмек. Жалпы, 14,5 млрд теңге инвестиция тартылып, 240 тұрақты жұмыс орны құрылуда. Бұған қоса, «халықаралық деңгейдегі Hilton қонақүйінің құрылысы басталып, 2026 жылы ашылады» деп жоспарлануда. Табиғи аймақтарды тиімді пайдалану мақсатында Omir Shymkent глэмпинг жобасы қолға алынды.

Брифингте туристік инфрақұрылымды жақсарту үшін 17 бағыт бойынша маршруттар қызмет көрсетіп жатқаны да сөз болды. Сонымен бірге Шымкенттен Сиань, Будапешт, Мюнхен, Шанхай, Каир, Сеул, Үрімші және Баку қалаларына жаңа әуерейері ашылған. Қалада туристерге қолдай жағдай жасау үшін Visit-shymkent.com порталы, QR-кодтар мен 2ГИС жүйесіне енгізілген нысандар да қолжетімді. Жыл сайынғы гастрономиялық, көше тағамдары фестивальдері мен drone-show секілді имидждік іс-шаралар Шымкентті туристер үшін тартымды ете түсуде. Бұған қоса, этноауылды жаңғырту, гастрономиялық аллея ашу және Бадам су қоймасы аумағын туристік дестинацияға айналдыру жұмыстары жоспарланып отыр.

Қаланың креативті индустриясы да қарқын алып келеді. 2025 жылы ашылған Shymkent Creative HUB орталығы шығармашылық жастардың алаңына айналып, түрлі мастер-класс пен семинарға жол ашты. Бүгінде қалада 2 мыңнан астам креативті кәсіпкер тіркелген, ал салаға қолдау көрсету үшін арнайы ассоциация жұмыс істейді.

Сыртқы байланыстар бағытында да ілгерілеушілік бар. Жыл басынан бері 26 дипломатиялық кездесу өткізіліп, Франция, Қытай, Қырғызстан және Болгариямен жаңа серіктестік жобаларға қол қойылды. Парижде «Шымкент күндері» ұйымдас-тырылып, Пловдив қаласымен бауырластық байланыс орнатылды. Осылайша, Шымкент туризмді дамыту, халықаралық ынтымақтастықты нығайту және креативті индустрияны өркендету арқылы өзінің мәдени, экономикалық және инвестициялық әлеуетін арттырып келеді.

Мемлекеттік гранттар азаматтардың жеке кәсіп ашуына, табысын арттыруына және жаңа жұмыс орындарын құруына жол ашпақ. Қаржы қайтарымсыз болғанымен, оның мақсатты жұмсалудың Еңбек мобильділігі орталығы жанынан құрылған мониторинг тобы қадағалайды.

лыс саласында жаңа кәсіпорындар бой көтеремек. Бұл бастамалар қала экономикасын нығайтып қана қоймай, мыңдаған жаңа жұмыс орындарын ашуға және Шымкенттің инвестициялық тартымдылығын арттыруға жол ашады.

Сонымен қатар биыл Шымкент қаласына келетін туристер саны да артқан. Жыл басынан бері 243 мыңға жуық турист келсе, оның басым бөлігі — ішкі туристер. Ал 15,5 мыңнан астамы шетелдік қонақтар. Сөйкесінше, қаладағы орналастыру орындарының саны 159-ға жетіп, төсек-орын қоры 34 пайызға артқан. Қызмет көрсету көлемі былтырғымен салыстырғанда 20 пайызға өсіп, 6,3 млрд теңгеден асты. Туризмді дамытуға

ДОДА

23 ҚЫРКҮЙЕК 2025 | СЕЙСЕНБІ



Хорватия астанасы Загребте күрес түрлерінен ересектер арасындағы әлем чемпионаты аяқталды. Бұл додада әлемнің 77 елінен келген 780-ге жуық балуан бақ сынады. Қазақстан құрамасы бір алтын, екі қола жүлдемен 11-орын алды. Грек-рим күресінен 26 жыл күткен алтын бұйырды десек те, елімізде әйелдер күресінің тұралап қалғаны білінді.

БІР КҮЛДІРІП,  
БІР ЖЫЛАТҚАН  
БІРІНШІЛІК

Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

КӨП КҮТІРГЕН  
АЛТЫН

Иә, сөздің басын қазақтың көптен күткен алтынымен қауышқанынан бастасак. Өйткені былтыр Париж Олимпиадасында Демеу Жадыраев финалға шықканда, күні бұрын қуанып, эйфорияға бөлендік. Биыл да сол катені қайталамауға тырыстық. Сөйтіп, Айдос Сұлтанғали 60 келі салмақ дәрежесінде ел намысын қорғап, аңсап жүрген алтынды әперді. Ол іріктеуде америкалық Максвелл Хоппер Блэкті, израильдік Мелкаму Фетені жеңді. Ширек финалда Париж Олимпиадасының және Азия ойындарының қола жүлдегері Сеун Лиді жықты. Жартылай финалда Амиран Чавадзені қапы қалдырып, финалда өзбек Әлішер Ганиевті айқын жеңді. Айта кетерлігі, Айдос бұдан бұрын, 2018 және 2022 жылы қола медаль еншілеген еді.

Айдос Сұлтанғалидың бұл жеңісі өзіне де, еліне де қымбат. Себебі Айдостың жаттығу шығынын өтеу үшін әке-шешесі барын берген. Анасы әр жарыстан келгенде «баламның жеңісті күні әлі алда, төккен тері ақталады» деген екен. Балуанның өзі де бәсеке басталарда тарихты жаңартып, халқына алтын сыйлағысы келетінін айтты. Оның үстіне, Бақтияр Байсейітовтен кейін әлем чемпионатының алтынның кім арқалайтынын саралаған. Дәл осы күрес түрінен қаншама жыл бойы не олимпиадада, не әлем чемпионатында алтын ала алмай жүрдік. Міне, 1998 жылдан кейін, араға 26 жыл салып, қазақ баласы әлем біріншілігін бағындырды. Сұлтанғали бастан-аяқ өзіне сенімді күрестіп, әсіресе грузин Чавадзенен айналып өткенде, бір жақсылықтың боларын сезгенбіз.

Жалпы, командалық есепте грек-рим күресінен Қазақстан құрамасы 57 елдің ішінде 6-сатыға тұрақтады. Жеті балуан да жігер танытып, босқа келмегенін, күресетінін көрсетті. Жанкүйер де грек-рим шеберлеріне дән риза. Жігіттер бапкердің айтқанын бұлжытпай орындап, жеке шеберлігін де көрсете білді.

«Осы әлем чемпионатында 6-орын иелендік. Мұнда тәжірибелі және жас спортшылардан жасақталған аралас командамен келдік. Жас палуандар арасында Мерей Мәулетқанов пен Рахат Бержанов мінез көрсетіп, жақсы күресті. Біз Хорватияға алтын медаль үшін келгенбіз. Мұны жазда Ұлттық құрама тізгінін ұстағанда айтқанмын. Осы мақсатты Айдос Сұлтанғали орындады. Бізде тағы 3 медаль алатын мүмкіндік болды. Тәжірибелі Демеу Жадыраев пен Мерей Мәулетқанов қолаға таласта жеңіліп қалды. Ержет Жарлықасын мен Ислам Евлюев жұбаныш кезеңінде жол берді. Жарыс аяқталды, енді нәтижені ұмытып, бапкерлермен кемшін тұсты сараптаймыз», — деді грек-рим күресінен ұлттық құраманың бас бапкері Қонысбек Төкенов.

Расымен, балуандар 1997-1999 жылғы сәтті серияны жалғап, қатарынан үш жыл әлем чемпионы атанғанын ұмытпаған жөн. Сербияда 2023 жылы Ризабек Айтмұхан (еркін күрес) топ жарса, былтыр Албанияда Нұрқожа Қайпанов (еркін күрес) жеңісті жолды жалғаған.

Биыл олимпиадалық салмақта (60 келі) Айдос Сұлтанғали ерледі.

АСЫЛЖАННЫҢ  
АСЫҒЫ АЛШЫСЫНАН ТҮСТІ

Қайпанов демекші, жанкүйерлер Нұрқожа биыл да үздіктер көшін бастайды деп топшылады. Бозкілем бәсекесінде еркін, әйелдер және грек-рим күресін қоса алғанда Қазақстан құрамасы 1 алтын, 2 қола медаль иеленді. Жүлдегерлер арасында еркін күрестен Нұрқожа Қайпанов пен Асылжан Есенгелді қола жүлде еншіледі. Есенгелді 61 келі олимпиадалық салмақта олжалы болғанын ескеру керек. Ал Қайпанов былтыр өткен біріншілікте әлем чемпионы атанған-ды. Осы чемпионатта бағы жанбады. Бәсеке барысында ол екінші алтын медаль алып, толық олимпиадалық салмаққа ауысқысы келген. Балуанның айтуынша, жарыс оңай болмаған. Екінші күні бапкерлердің арқасында қалпына келіп, қолаға қол созғанын жасырмады. Осылайша, Қайпанов әлем біріншілігінің үш бірдей жүлдесін жинаған алғашқы қазақстандық атанды. Оған 2019 жылы — күміс, былтыр — алтын, биыл қола медаль бұйырды.

Одан кейін 61 келіге дейінгі салмақта Асылжан Есенгелдінің қоласына келсек,



Мәселен, еркін күрестен кейінгі бес әлем чемпионатын алып қарасақ, екі алтын, екі күміс, 4 қола жүлде жиналды. Екі күміс 2019 жылы қоржынға түскен екен. 2019, 2022 және 2023 жылы төрт қола еншіледік. Алтын деп отырғанымыз, былтыр Қайпановтың маңдай терімен келген жүлде. Биыл еркін күрес шеберлері екі қола-ны қанағат тұтты. Демек, әкелген легионерлер сенімді ақтамай, жастар аға буынды алмастыра алмай жатқаны білінді.

балуан үшін драмаға толы бәсеке болды. Қаншама жыл күткен жүлдесі екенін айтып, көз жасына ерік берді. «Мансабымдағы алтынға танитын қола медаль бұйырды, бапкерлеріме мын алғыс» деді. Ол жұбаныш белдесуін ұтып, үшінші орын үшін айқаста барын салды. Америка балуаны Джаксен Форресті 10-8 есебімен тізе бүктірді. Медаль үшін қиян-кескі талас өткені тағы бар. Есенгелдімен қатар Азамат Дәулетбеков (86 келі) те жарысты сәтті бастаған-ды. Бірақ Дәулетбеков ширек финалда сүрінді. Жалпы, Загребке барған 10 балуанның екеуі ғана нәтиже көрсетті. Соның ішінде медаль алып келеді-ау деген Ризабек Айтмұхан (97 келі) мен Әлішер Ерғали (125 келі) бірінші кездесуінде-ақ жарыс жолынан шығып қалды.

Мәселен, еркін күрестен кейінгі бес әлем чемпионатын алып қарасақ, екі алтын, екі күміс, 4 қола жүлде жиналды. Екі күміс 2019 жылы қоржынға түскен екен. 2019, 2022 және 2023 жылы төрт қола еншіледік. Алтын деп отырғанымыз, былтыр Қайпановтың маңдай терімен келген жүлде. Биыл еркін күрес шеберлері екі қоланы қанағат тұтты. Демек, әкелген легионерлер сенімді ақтамай, жастар аға буынды алмастыра алмай жатқаны білінді.

ӘЙЕЛДЕР КҮРЕСІ  
АКСАП ТҮР

Десе де, аталған екі күрес түрінен де кенже қалып жатқаны — әйелдер күресі. Қатарынан төрт әлем чемпионатында осы күрестің жыртығын жамаған Жәмилә Бақбергенованың биыл бағы шаппай қалды. Биыл ол алғашқы айналымда есе жіберді. Бірақ басқа-басқа, 72 келідегі бұрымдыға жанкүйер де, бапкері де дән риза болар. Дегенмен қалған сегіз салмақ дәрежесінде бақ сынаған қыздар сылбыр күрестіп, бәсекеге қабілетті екенін дәлелдей алмады. Тек 1/8 айналымға шыққан Виктория Хусаинованы атап өткен жөн. Талантты балуан 59 келіде бозкілемге шығып, әйелдер күресін алға сүйреп көргенімен, бұйырмады. Одан бөлек, 53 келідегі Зейнеп Баянованың жұлдызы жанбады. Дәл осы жас балуан құрамадағы үлкен буынды ығыстырып, жасындай жанып келе жатқанның бірі. Ол Азия чемпионатында жүлде алып, ел мерейін асырған. Шыны керек, төрт дүркін ӘЧ жүлдегері Жәмилә Бақбергенованың, Рио Олимпиадасының қола жүлдегері Эльмира Сыздықованың алғашқы белдесуде қарсыла-сына жол бергені қалған қыздарды жасытты. Бірақ осы біріншілікте қырғыз мықтысы Мейірім Жұбаназарованың ұтылғаны да сенсация

БУБЛИК  
ФИНАЛҒА ШЫҚТЫ

Қазақстанның бірінші, әлемнің 19-ракеткасы Александр Бублик Чанчжоу АТР 250 турнирінің финалына шықты.



Жарыстың 3-ракеткасы болып тіркелген отандасымыз жартылай финалда әлемдік рейтингте 196-сатыда тұрған қытайлық У Ибинді қапы қалдырды. Екі сетте 6:3 есебімен аяқталды. Бублик финалда әлемнің 88-ракеткасы, франциялық Валентен Руаемен чемпион атағын сарапқа салады. Былтыр Ханчжоуда хорватиялық Марин Чилич жеңімпаз атанған.

16 ЖАСАР ЧЕМПИОН

Болгарияның Албена қаласында өтіп жатқан ересектер арасындағы қол күресінен әлем чемпионатында шардаралық Ұлболсын Елмұрат жеңіске жетті.




Ол 60 келі салмақта Әлем чемпионатының финалында 13 дүркін әлем чемпионы словакиялық Лусия Дебрановамен күш сынасты. Тәжірибелі қарсыласына дес бермей, сенімді жеңіске жетті. Осылайша, Шардара Армспорт құрамасының өкілі 16 жасында әлем біріншілігін бағындырды.

ЖАПОНИЯДА ЖҮЙРІКТЕР  
БАҚ СЫНАДЫ

Токио астанасында жеңіл атлетикадан әлем чемпионаты мәресіне жетті.

ҰОК мәліметінше, дүбірлі додада ел намысын бес спортшы қорғағанымен, жүлдеге іліне алмады. 3000 метрге тосқауылдар арқылы жүгіруге қатысқан Нора Джеруто 6-орын алса, Дейзи Джепкемей 27-орынға тұрақтады. 10 мың метрге жүгіруден Джепкемей 16-орын алды. Полина Репина 35 шақырым спорттық жүрісте аламанға қосылғанымен, жарысты аяқтай алмады. 20 шақырым спорттық жүріс кезінде Ямина Токсанбаева 23-орынға табан тіреді.

Айбике ЖАНАСЫЛ



АIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –  
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –  
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –  
Бас редактордың  
бірінші орынбасары

Мадияр ТӨЛЕУ –  
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –  
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:  
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –  
Ақмола облысы  
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –  
Алматы қаласы  
Саятхан САТЫЛҒАН –  
Жамбыл облысы  
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –  
Қарағанды облысы  
Назгүл НАЗАРБЕК –  
Шымкент қаласы  
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –  
Батыс Қазақстан облысы  
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –  
Қызылорда облысы  
Банн ЖАНЗАҚА –  
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ  
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,  
мекемелер үшін – 15102  
Зейнеткерлер,  
соғыс ардагерлері үшін – 55102  
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:  
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31  
reklam.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:  
8(771) 804-61-32  
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»  
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4645

Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС  
Сілеті көшесі 30,  
тел.: 8(7172) 99-77-77  
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ  
Мұқанов көшесі, 223 Б  
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,  
Әлімқұлов көшесі 22,  
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1  
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46  
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn\_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.  
• Авторлар қолжазбасы еңделмейді және кері қайтарылмайды.  
• Кілемі үш компьютерлік беттен астам материалдар қабылданылмайды.  
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның  
жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор –  
Әсет ҚАЛИ